Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№50 (9833)
25 маусым, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Құрмет

Мемлекеттік қызмет – жауапты міндеттер жүктейтін, абыройлы лауазым. Жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті және тиімді басқару құрылымын құру ісінде міндеттерді іске асыру көбіне мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне байланысты. Осы абыройлы қызметте жүрген лауазым иелеріне артылар жүк ауыр. Ал Қазақстан полициясы – қашаннан халқымыздың берік қорғаны, тәуелсіздігіміз бен тұрақтылығымыздың сенімді тірегі. Әр аймақтағы полиция бөлімдері жергілікті жердегі құқық бұзушылықтардың алдын алуда, қоғамдағы қылмыстардың азайып, ел дамуына кедергі келтіретін олқылықтарды болдырмауда табандылық танытып, нәтижеге жұмыс жасауға күш салып келеді.

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет

Осындай табандылықпен жұмыс жасап жүрген қос сала мамандарына қанша құрмет көрсетсе де артық етпейді. Сондықтан жыл сайын 23 маусым күні Мемлекеттік қызметшілер мен Полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өтеміз. Биыл да мереке қарсаңында аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер және Полиция күніне орай салтанатты шара өтті. Шарада аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы ел үшін ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген қос саланың қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Мемлекеттік қызметші мен қоғамдағы тәртіп сақшысының міндеттері сабақтас. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкер мен полиция – мемлекеттік аппараттың жұмысын алға жылжытушы кадр және мемлекеттік биліктің оң имиджін қалыптастырушы бірден-бір тұлға. Дамыған мемлекет тиімді, нәтижелі мемлекеттік қызметтің және қоғамдық тәртіпті, ережелер мен заңдылықтарды сақтаудың негізінде құрылады. Биыл дербес Қазақстан полициясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы уақыттар ішінде ішкі істер органдары қызметкерлері де биік белестерді бағындырып, өздеріне жүктелген міндеттерді мүлтіксіз атқарып келеді. Ішкі істер органдары – мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі.

Мемлекеттік қызметші мен полиция қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді, олардың мәртебесі мен абыройы Отанға, халқына адал қызмет етуімен бағаланады. Сондықтан жаңа дәуірдегі мемлекеттік қызметші мен полиция қызметкері әрдайым парасат биігінде болуы қажет. Себебі халықтың билікке деген сенімі сіздерден бастау алады. Сондықтан барлығыңыздың жұмыстарыңызға сәттілік, өздеріңізге абырой тілейміз, – деді өңір басшысы.

Мұнан соң сахна төрінде салада елеулі еңбек етіп, оң нәтиже көрсетіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлеріне облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаты табысталды.

Айта кету керек, аудандағы мемлекеттік қызметшілердің 72 пайызын ер азаматтар құраса, 28 пайызы азаматшалардың үлесінде. Сонымен қатар аудандық полиция бөлімінде жыл басынан орын алған қылмыстардың ізін суытпай кезекші тәулікте ашылуы 55,8 пайыздан 64 пайызға жақсарса, жалпы тіркелген қылмыстардың саны өткен жылмен салыстырғанда 69-дан 60-қа, яғни 9 қылмыстық құқық бұзушылыққа немесе 13 пайызға төмендеген. Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, сондай-ақ әділдік пен жауапкершілікті талап етеді. Әрбір мемлекеттік қызметшінің бойынан табылуы тиіс қасиеттер де Әдеп кодексінде көрсетілген. Бұл – моралдық жоғары жауапкершілік, кәсіптік білім, білімін тәжірибеде қолдана білу, адалдық, белсенді өміршеңді ұстаным. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын сезіне білуі және өз елінің патриоты болуы тиіс.

Мәдениет үйіндегі салтанатты шара мемлекеттік қызметшілер және полиция қызметкерлері күніне арналған концерттік бағдарламаға ұласты.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Серіктестік бидайға орақ салады

Сәрсенбі күні ауа райы азанымен қолайсыздау болды, айта беретін Қызылорданың аптап ыстығы ғой. Кеше кешкілік даланы дүбірге толтырған еңбек адамдарының жұмысын насихаттау мақсатында бір шаруашылық төрағасымен алқап басына баратын болып келіскенбіз. Бізге егіс басына жетіп алу мұң болып тұр, ал онда азаннан кешке дейін жұмыста болатын ауыл еңбеккерлерінің шықпаған жаны.

– Ертерек қамданғанымыз дұрыс болыпты, сәл кеш қозғалғанымызда қиын болады екен. Азанымен саған да келді ме «Қызылордада 45 градус аптап ыстық күтілуде» деген хабарлама, – дейді әріптесім Ерлан Созақбаев.

Байқамаған соң «Бұлар да адам алалай ма» деген оймен телефонымды қалтамнан шығарсам, қос орталық кеше кешкісін дәл осы мәтінді кезек-кезек жіберіпті. Негізінен жаз мезгілінде жел мен аптап ыстық сырбойылықтарға таңсық емес, «секундына15-20 метр жел соғады, аптап ыстық болады» деген ескертулерге жүрдім-бардым қарайтынымыз да сондықтан.

Не керек, бас шаһар мен аудан орталығын жалғайтын күрежолмен жүріп келеміз. Бұл жолдың тарихына үңілсек, «кезінде өгіз арбаның ізімен салынған» деген де дерек бар. Бағытымыз – кент іргесіндегі «Сәрке батыр» ЖШС-на қарасты егіс алқабы.

Теміржолды кесіп өтер тұстан сол жақ жиектегі қаражолға түсіп алдық. 300-400 метр жүргеннен кейін алдымыздан бір ақ там көрінді. Бақсақ, бұл дәл осы шаруашылықтың еңбеккерлері аухаттанатын асхана екен, ар жағында қырман да тұр.

Бізді осы жерден күтіп алған агроном Өркен Тұршабек қатар-қатар орналасқан жоңышқа мен күріш алқаптарын жағалай бидайлыққа бір-ақ тартты. Ағараңдаған атыздарды нұсқап «Осыдан былай қарай барлығына бидай септік» дейді шаруашылықтың бас агрономы. Қос атызды бүйірлей жүріп солға бұрылғанымызда алдымызға «Желмая» тізгіндеген жігіт ағасы түсті. Ол осы бидайлыққа жауапты диқан екен.

Атыз аяғына жетпей аялдадық, бұрқыраған шаңның әзір басылар түрі жоқ. Қосдөңгелекті көлігінің астынан тіреуішін шығарып, Жәкең бізге қарай беттеді. Енді біздің де шаңның басылғанын күтетін ретіміз жоқ. Көліктен түсе сала ағамызға сәлем беріп, жөнімізді айттық. Таныстық аяқталар тұста Жәкеңді жеке шақырып, салаға қатысты сауалдың астына алдым.

Жандос Шоңбаевтың бұл салада еңбек етіп жатқанына 10 жылға жуықтапты. Жігіт ағасы басында жай ғана қарауыл болып жұмысқа қабылданған. Алайда диқан болуды бұрыннан мақсат тұтқан Жәкең шаруашылықтағы кәнігі күрішшілерге тыныштық бермейтін көрінеді. Олар да ағалық ақылын аямапты. Қазір даңғайыр диқандардың ізбасарына күріштің күтіміне қажетті деректердің қай-қайсысы да таңсық емес.

Бойдағы жауапкершілік қай істе де жерге қаратпайтыны анық. Жәкеңнің басшылық тарапынан талай рет сенім үдесінен шығуына осы бойдағы жауапкершілік пен табандылық сеп болса керек. Болмаса есі дұрыс төраға қарауылға егін еккізе ме?.

Былтыр Жандос Сәрсенбекұлы 60 гектарға жуық алқапқа Сыр салысын сеуіпті. «Нәтиже қалай?» дейсіз ғой, бірақ бұл сауалдан бұрын былтырғы аяқ суға қатысты ахуалға тоқталған дұрыс шығар.

Рас, жылдан-жылға Сырдариядағы су көлемі айтарлықтай азайып жатқанын жергілікті халық жақсы біледі. Осыдан 4-5 жыл бұрын күріш маусымында дария суы сәл тартылып, Ширкейлі шім-шіме болатын. Уақыт өте бұл маусымда дария суы тым тартылып кетті. Содан бері шаруашылықтар үшін күрішке аяқ су жеткізу үлкен мұң болды.

Былтыр да бұл мәселе жергілікті диқандарды қос бүйірден қысты. Алайда олардың «Қамбаны астыққа толтырамын» деген көкейіндегі ұлы мақсат мұның бәріне тойтарыс берді. Жәкең де былтыр 60 гектарға жуық күріштің әр гектарынан 66 центнерден өнім жинады.

Жандос ағамыздың шаруашылықта бидай егіп отырғаны биыл бірінші жыл емес. Алдыңғы жылы дәл осындай мезгілде ағараңдаған атыздардан мың центнерге жуық өнім жиыпты. Биыл Жәкең 56 гектарға тағы да бидай мен жоңышқа тұқымын араластырып сепкен. Сұрпын сұрасаңыз, «Қазақстан-10» деген тұқымның түрі екен. Келер жылы бұл алқап тек жоңышқа болып қала береді. Яғни биыл бұл атыздарға бірінші рет жоңышқа егіліп отыр. Ауыспалы егіс барысында жоңышқаны алғаш сепкен жылы бидай немесе мақсарымен араластырған тиімді. Ал тозған жерді тыңайтудың тиімді тәсіліне айналған мал азығының өзін ғана ексеңіз, шығынға баттым дей беріңіз. Бұл да – бізге кәнігі диқанның берген кеңесі.

Бидай суды аз қажет етеді. Тіпті күрішті суда бірнеше апта ұстап және оны ауыстырып, қайта суға бастырсаңыз, бидайды дәл олай бір күн де суда ұстап тұра алмайсыз. Солтүстік өңірлерде ауа дымқыл болғандықтан жері өнімнің бұл түріне қолайлы. Ал бізде жауын-шашын да көктемде аз түседі. Аптап ыстықта атызды жағалаған арықтағы судың ызасымен ғана өнімнің бұл түрін суарасыз. Егінге орақтың ерте түсетіні де сондықтан.

Бұйыртса, алдағы айдың алғашқы онкүндігінде «Сәрке батыр» ЖШС ұжымы бидайға орақ салады. Әзірге алқаптағы өнімнің шығымы жаман емес. Алдыңғы жылғыдан да артық өнім жинайтынына Жәкең де сенеді.

Егістің басы айтарлықтай ыстық болатынын баяғыдан білеміз. Бірақ бұған «сәркебатырлық» еңбеккерлер үйренген. Бірі кей атыздың сағасын бөгесе, енді бірі оны ашып әлек. Бәрі де күзгі науқанның қамы ғой, әрине.

Келген жолмен қайтатын болсақ, біраз уақыт жоғалтқаннан бөлек аптап ыстық әбігерге салатынын агроном Өркен жақсы біледі. Күріш орналасқан алқаптың бергі бетіндегі төте жолды бағытқа алуы да сондықтан. Биыл мың гектарға жуық алқапқа Сыр салысын сепкен шаруашылық күзгі науқанды оң нәтижемен қорытындылайтын сыңайлы. Себебі біз келе жатқан жолдың оң жақ жиегіндегі алқаптағы күріштің шығымы бітік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БӘРЕКЕЛДІ!

Малика Зиядин – әлем чемпионы

10-19 маусым аралығында Панама астанасында мектеп оқушылары арасында шахматтан әлем чемпионаты өтті. Онда жеті жасар отандасымыз Малика Зиядин чемпион атанды.

Жансая Әбдімәліктің Шахмат академиясында білім алып жатқан жас шахматшы чемпион және жеті жасқа дейінгі жас санатында шахматтан әлем чемпионы деген екі атаққа ие болды. Бұл – қазақстандық шахмат тарихындағы алғашқы жағдай.

Айта кетейік, турнирге 36 жас шахматшы қатысып, әр спортшы тоғыз партияны орындаған. Қорытындысына келсек, Малика барлық партияларды жеңіп, ең көп ұпай жинады.

Қазақстандық шахматшы және халықаралық гроссмейстер Жансая Әбдімәліктің сөзіне сүйенсек, Маликаның дәл осы жеңісіне бұған дейін ешқандай отандасымыз қол жеткізе алмаған. Тіпті ел тарихында мұндай оқиға болмапты.

– Маликаны, ата-аналар мен жаттықтырушыларды осындай керемет жетістікпен құттықтағым келеді. Отандастарымыздың әрбір жеңісі мен үшін шахматты одан әрі дамытуға және жастарды халықаралық деңгейге шығаруға ынталандырады, өйткені бұл үшін зор әлеует бар, – деді Жансая Әбдімәлік.

Жарыс екі секцияда (ұлдар мен қыздар) және алты жас санатында өткен. Чемпионатқа 600-ге жуық шахматшы қатысқан.

– Қазақстан шахмат федерациясы жыл сайын елімізде шахматты дамыту үшін барлық күш-жігерін салуда және Маликаның жеңісі бұған мысал бола алады. Мен өскелең ұрпақты мақтан тұтамын және Қазақстан шахмат федерациясының президенті ретінде спорттың осы түрін дамыту және көпшілікке насихаттау үшін кез келген бастаманы қолдауға дайынмын, – дейді Қазақстан шахмат федерациясының президенті Ғалым Хусаинов.

Айта кетейік, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ФИДЕ-нің ең жас чемпионы Малика Зиядинді жеңісімен құттықтады. «Жеті жасқа дейінгі бүлдіршіндер арасында өткен сайыста жоғары деңгейде өнер көрсетіп, екі бірдей атақты иеленуің – Қазақстанның шахмат тарихында бұрын-соңды болмаған жетістік. Сен тума талантың мен жеңіске деген ерік-жігеріңнің арқасында осындай биік белесті бағындырдың. Өзің ізін басып келе жатқан қазақстандық шахмат шеберлерінің даңқты жолын лайықты жалғастыратыныңа кәміл сенемін» деп жазылған Президенттің құттықтау хатында. Мемлекет басшысы Малика Зияддиннің әрдайым жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестік білдірді.

КЕҢЕС

Мектеп мұғалімдеріне еңбек демалысының ақысы мен денсаулықты сауықтыру жәрдемақысын уақытылы төлемеу мәселесі «Amanat» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысында қаралды.

Еңбек демалысының ақысы уақытылы төленуі тиіс

«Amanat» партиясының Хатшысы Жігер Қалиевтің айтуынша, орын алып отырған жағдай мемлекеттің педагогтарды қолдау үшін жұмсаған бар күш-жігерін зая кетіреді.

– Мәжіліс депутаттары мен партияның аймақтардағы қоғамдық қабылдау бөлмелеріне мектеп мұғалімдерінен еңбек демалысының ақысы мен сауықтыру жәрдемақысының толық және уақытылы төленбеу фактілері бойынша көптеген шағым келіп түсті. Партия мүшелерінің 30 пайыздан астамы – білім беру саласының өкілдері. Сондықтан бүгін біз партия алаңына өкілетті министрліктердің өкілдерін шақырдық және бейнеконференця байланысы арқылы барлық өңір қосылып отыр, – деді Жігер Қалиев.

Бейнеконференця байланысы арқылы өткен жиынға өңірден партияның облыстық филиалының Атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, партияның облыстық филиалы жанындағы «Білім беру және денсаулық сақтау» мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Гүлнар Есқалиева және облыстық білім басқармасының басшысы Ділда Момбек қатысты. Алқалы жиында мәселенің түп-тамырына үңіліп, оны жүйелі түрде шешу жолдары жан-жақты талқыланды.

Аружан МЫҢБАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің 3 курс студенті

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің сайлауына «Amanat» партиясынан үміткер Абдикалыков Куаныш Боранбековичтың 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Абдикалыков Куаныш Боранбекович 1974 жылы 27 маусымда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Білімім – жоғары.

1999 жылы Қызылорда мемлекеттік университетін «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша бітіріп, инженер-құрылысшы біліктілігін алдым.

2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құқық, тарих және экономика негіздері» мамандығы бойынша бітіріп, тарих, құқық және экономика негіздері пәнінің мұғалімі біліктілігін алдым. Еңбек жолымды 1991 жылы 27 шілдеде жұмысшы болып бастадым.

1999-2002 жылдары Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің орынбасары;

2002-2005 жылдары Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің бас маманы;

2005-2010 жылдары Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

2011-2014 жылдары Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде статист;

2014 жылдан бастап Жаңаталап ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келемін.

Сайлауалды бағдарламасы

Нақтылық – бүгінгі сөзден іске көшкен дәуірдің басты ұраны. Халыққа әрқашан жақын болып, елдің ортасынан табыла білсек қана біздің шешілмеген мәселеміз қалмайды. Осы елдің азаматы ретінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін шағын және орта бизнесті дамытуға, ауыл көшелерін жарықтандыруға, әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне жұмыс жасайтын боламын.

Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет. Біз біріксек ғана барлығын жеңе аламыз. Алдағы 4 жылда ауыл әлеуетін арттыру үшін төмендегідей жұмыстарды жүзеге асырамын және оған қарым-қабілетімнің жететініне сенемін.

Ауылымыздың мәдени ошағы ауылдық клубтың жаңа ғимаратының салынуына;

2022-2025 жылдары ауылды көше жарықтарымен толық қамтамасыз етуге;

2023 жылы Жаңаталап ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратына жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

2023 жылдан бастап елді мекеннің ішкі көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

2024 жылға дейін балалар ойын алаңын салуға;

Халықтың бұқаралық спортпен айналысуына, ауыл мәдениетінің дамуына, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыратын іс-шаралардың өткізілуіне;

Ауыл тұрғындарына арнап демалыс саябағын ашуға және ауылға көрік беретін арка құрылысын салуға үлесімді қосамын.

Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржы көздерін іздеу арқылы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ауылдық округте кәсіпкерлікті дамытуға, оның ішінде мал шаруашылығын және бау-бақша өнімдерін арттыруға;

Шағын және орта бизнесті дамыту, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге жұмыс жасап, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастыруға;

Елді мекеннің халқын тұрақтандыру мақсатында отбасының рөлін арттыратын және отбасылық құндылықтарды нығайтатын түрлі мәдени шараларды өткізуге;

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту-көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға бар күшімді саламын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Шынжыров Бауржан Серікұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Шынжыров Бауржан Серікұлы 1989 жылы 24 тамызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келдім. Еңбек жолымды 2012 жылы тамыз айынан бастап, 2012 жылдың желтоқсан айына дейін Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімінде жастар практикасынан өттім. 2013 жылы 13 қаңтардан 2013 жылдың 30 қазанына дейін «Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде уақытша іс жүргізуші болып жұмыс жасадым. 2016 жылы 3 қаңтардан бастап «Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарып келемін. Қарулы күштер қатарында болған жоқпын.

Әкем Шынжыров Серик Садуович 1960 жылы 12 желтоқсанда Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылында тұрады. Анам Сафина Жамал Саматовна 1963 жылы 11 ақпанда Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылында тұрады. Ағам Шынжыров Сәкен Серікұлы 1983 жылы 12 қыркүйекте Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Қызылорда қаласында тұрады. Ағам Шынжыров Бақытжан Серікұлы 1987 жылы 17 сәуірде Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келген. Қызылорда облысы Қызылорда қаласында тұрады. Мен және менің жақын туысқандарым қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

Сайлауалды бағдарламасы

Бірінші кезекте Мемлекет басшысының, облыс, аудан әкімдері саясатының негізінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге басымдық беремін. Ол үшін ауыл халқының жаңа да жайлы, заманауи тұрмыс кешуіне, әр отбасының әлеуметтік мәселелерін қаперге алып, мұң-мұқтажын, ұсыныс-пікірлерін тыңдап және оның тиімді шешілуіне жұмыс жасау қажет деп білемін. Сондай-ақ ауыл халқының мәдениетін көтеруге бағытталған рухани орта қалыптастыруға күш салу керек. Ал денсаулық, спорт саласының жан-жақты дамуына басымдық беріп, ауыл халқымен ауыл шаруашылығын заманға сай дамыту жоспарларын жүзеге асырамын. Бұл жоспар жүзеге асса, ауылдың екінші тынысы ашылатынына кәміл сенемін.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жұмыссыздық. Әсіресе ауылдық елді мекенде бұл мәселеге жол бермеген абзал. Осы ретте алдымен әлеуметтік тұрғыдан төмен отбасыларды бюджеттен бөлек қосымша қаржы көздері арқылы мәселесін шешуге тырысамын.

Ауылдағы кәсіпкер азаматтармен бірлесе отырып, ауыл ішінің санитарлық тазалығына, қоғамдық тәртіптің сақталуына да мән беремін.

Одан бөлек көшелерді жөндеу жұмыстарын да қолға алу қажет деп есептеймін. Шүкір, қазір ауылда ахуал тұрақты. Бірақ алдағы уақытта түрлі қылмыстар орын алмауы үшін учаскелік полиция қызметкері және ақсақалдар алқасы, көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөлемін. Ол үшін арнайы іс-шаралар жоспарлап, сол бағытта жастар тәрбиесін жүйеге түсіру керек. Өйткені жастар – қоғамның қозғаушы күші. Сол күшті түрлі қызықты жобалар мен жоспарлар арқылы ауылымызды жан-жақты дамытуға, көркейтуге жұмсаймын. Сондықтан ауылдық клубтың жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесін көбейтемін және ауыл өнерпаздарынан құрылған оркестр ұйымдастыруға жұмыс жасаймын.

Ауылдағы кітапхана қорын толықтырып, жастарды әдеби көркем шығарма оқуға қалыптастырамын және сол бағытты ұлттық тәрбиенің нысанына айналдырамын.

Маған сайлаушының берген әрбір дауысы артылған сенім екенін жақсы білемін. Сондықтан алдағы 4 жылда ауылдық округті дамытуға бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Көшеров Абай Қырғызбайұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Көшеров Абай Қырғызбайұлы 1981 жылы 20 ақпанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылында дүниеге келдім. Еңбек жолымды 2004 жылы 1 қазанда Қызылорда облыстық статистика басқармасының Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылдық округінде статист маманының міндетін уақытша атқарушы болып бастадым.

2004-2005 жылы Қызылорда облыстық статистика басқармасының Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылдық округінің статист маманы;

2005-2007 жылдары Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының маманы;

2007-2008 жылдары Жалағаш ауданы Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратында маман міндетін уақытша атқарушы;

2008-2017 жылдары Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы;

2017 жылы 17 тамыздан бастап Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратында бас маманы қызметін атқарып келемін. Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен емеспін.

Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

Мен және менің жақын туысқандарым қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

Сайлауалды бағдарламасы

Жаңаталап елді мекенінің қазіргі тыныс-тіршілігі көпке үлгі боларлықтай. Ауылдың ауызбіршілігін айтпағанның өзінде, осында атқарылған шаруалар қыруар.

Менің осы сайлауда бақ сынауымның басты мақсаты – Жаңаталап ауылдық округінің көркейіп дамуына өз үлесімді қосу, еңбегімді сіңіру, тұрғындармен бірлесе отырып жарқын жобаларды, игі істерді атқару.

Болашақта ауыл әкіміне үміткер ретінде біршама жобаларды қолға алмақпын. Өйткені халық сенім артқан соң, сол сенім үдесінен шығу менің міндетім деп білемін.

Осы жолда бар қарым-қабілетімді жұмсау арқылы мен ауыл халқының әлеуетін арттыра отырып, елді мекеннің еңсесін тіктеймін.

Ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында нақты жоспарға құрылған жұмыстарымды сараладым.

Төрт жылдық сайлауалды бағдарламамда тұрғындар көтерген мәселелерді ескеруді жөн көрдім.

Бірінші кезекте ауылдағы ішкі көшелердің сапасына мән беремін. Ал халықтың салауатты өмір салтын жақсарту мақсатында спорттық сауықтыру кешенін салу қажет екенін де жақсы білемін.

Жаңаталап ауылдық клубының ғимараты да бүгінде қайта салуды қажет етеді. Бұл мәселе шешімін таппаса, ауылда мәдениет саласының алға басуына айтарлықтай қолбайлау боларын да жақсы білемін. Сондықтан ғимарат мәселесін шешуге жұмыс жасауды назарда ұстаймын.

Ауыл халқының тұрмыстық сапасын арттыруда мемлекеттік бағдарламалардың берері көп деп ойлаймын. Бұл тұрғыда кәсіппен айналысамын деушілерге мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тетіктерін ұсынуға, сол арқылы қайтарымсыз грантқа ие болуға, несиеге қол жеткізуге күш жұмсаймын.

Ауылдың ажары артып, дамуына сеп болатын жарқын жобалар да менің жоспарымнан тыс қалмайды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл тұрғындарын оқытуға, олардың несиелер және грант алуына қолғабыс етемін. Себебі бұл сала халықтың әлеуетін арттырудың тиімді тұсы екенін жақсы білемін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Сығайбаев Мейрамбек Серікұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы 1988 жылы 9 қарашада Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келдім. 2006 жылы Т.Жүргенов атындағы №123 мектепті өте жақсы бітіріп, 2006-2010 жылдары Алматы қаласындағы Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Механика-математика» факультетінде «Информатика» мамандығы бойынша білім алдым. 2019-2021 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің экономика мамандығы бойынша магистратурада оқыдым. Отбасылы, 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырмын.

Еңбек жолымды 2010 жылы Жалағаш аудандық білім бөлімінде бағдарламашы болып бастадым. 2014 жылы Жалағаш аудандық білім бөлімінің әдіскері, 2018 жылы осы бөлімнің оқу ісі жөніндегі секторының меңгерушісі, 2022 жылдан осы уақытқа дейін бас маманы қызметін атқарамын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Болашақ жастардың қолында! Мемлекетті, жергілікті атқарушы органдарда тәжірибелі жастарды басқару ісіне тарту керек» деген еді.

Мемлекет басшысының бұл сөзі біз сияқты жастарға талмай жұмыс жасауға тың серпін берері сөзсіз. «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деп дана халқымыз тегін айтпаса керек.

«Жас келсе, іске» демекші, көлге тамған тамшыдай болса да еліме, мемлекетіме қызмет жасап, ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында Ақсу ауылдық округі әкімдігіне үміткер ретінде өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

Ауыл тұрғындарымен етене араласып, ұсыныс-пікірлерін ескере отырып жұмыс жасау;

Ақсу ауылына кіреберіс аудандық маңыздағы автомобиль жолына жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;

Ақсу ауылы мен Беркімбай көлпе тілеуханасы арасындағы автожолды күрделі жөндеуден өткізу;

Ақсу ауылының ішкі көшелерін күрделі жөндеуден өткізу;

Ақсу елді мекеніне газ тарту желілерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысын салуды қамтамасыз етемін.

Ауылда мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде типтік балабақша құрылысын салуға жұмыстарды үйлестіру;

Ақсу елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жаңарту (электр желілері, көшедегі жарық шамдар);

Ауыл ішінде көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізу;

Ауыл халқының тазалықты сақтау мәдениетін арттыру, жастар арасында тазалықты насихаттау шараларын ұйымдастыру басты назарымда болады.

Ауылға бизнес өкілдерін тарта отырып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын салу;

Қазіргі таңда қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау арқылы кәсіпкерлікті қолдау және шағын, орта бизнестің дамуына үлес қосу;

Ауылдағы мобильді интернет байланыс жиілігі мен жылдамдығын көтеру бағытында жұмыстар жасау;

Ауылдық елді мекенде аяқ су мәселесін ретке келтіру;

Инвесторларды тарту арқылы ауыл тұрғындарына арналған монша салу менің 4 жылда атқаратын негізгі жұмыстарым болып табылады.

Ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруі үшін әлеуметтік теңсіздікті жою;

Халықтың бұқаралық спортпен айналысуына және жастардың бос уақытын тиімді пайдалануына іс-шаралар ұйымдастыруды күн тәртібінен түсірмеймін. Әрқашан ауыл тұрғындарымен кері байланыс орнатуға дайынмын!

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Ідірісов Рустам Болатбекұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Ідірісов Рустам Болатбекұлы 1985 жылы 23 мамырда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келдім. 1991-2002 жылдары Мәдениет ауылындағы І.Ж.Қабылов атындағы №32 орта мектепте білім алдым. 2003-2007 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Химия және биология пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолын 2007 жылы аудандық білім бөлімінде әдіскер болып бастадым. 2007-2010 жылдары кент орталығындағы Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте химия және биология пәнінің мұғалімі болып қызмет еттім.

2008-2009 жылдары ҚР Қарулы күштері қатарында әскери борышымды өтедім. Тынымсыз еңбекқорлық пен өзіме білдірілген сенімді жауапкершілікпен алып жүруімнің арқасында 2010 жылы Жалағаш ауданының психологиялық, медициналық, педагогикалық консультациясының меңгерушісі болып тағайындалдым. Аталған жұмыс орнында 2016 жылға дейін абыройлы қызмет атқардым. 2016 жылдан бері кент сыртындағы «Ақтерек» сауықтыру лагерінің директоры лауазымын атқарып келемін. Ұстаз деген атауды абыроймен алып жүріп қызмет еткен жылдары облыс, аудан көлемінде түрлі марапаттармен марапатталдым.

Отбасылы: 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

Ақсу ауылы кент орталығына жақын орналасқандықтан ауылдың тыныс-тіршілігі маған жақсы таныс. Өзім де ауылдық жерде туып-өскендіктен, «Ауыл – ел бесігі» деген қағида жадымнан шықпақ емес. Ауыл халқының әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта кәсіп көздерін көбірек ашу, ауыл жастарын мүмкіндігінше жұмыспен қамту өз адамгершілік борышым деп білемін. Алдағы төрт жыл мерзім ішінде төмендегідей жұмыстарды жүзеге асырамын:

Ауыл халқының әлеуметтік ахуалын жақсарту.

Ауылдан жаңа жұмыс көздерін ашуға, жаңадан кәсіп ашқысы келген азаматтарға қолдау көрсетуге және қажет болған жағдайда сырттан инвесторлар тартуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуға жұмыс жасаймын.

Инфрақұрылымды дамыту.

Өздеріңізге белгілі ауылда көшелерді асфальттап, абаттандыру өткір мәселеге айналып отыр. Сол себепті ауыл көшелеріне асфальт жүргізіп, жарықтандыру, Жалағаш-Ақсу тас жолын күрделі жөндеуден өткізу менің сайлауалды бағдарламамның маңызды бөліміне кіріп отыр.

Газдандыру.

Ауыл халқын көгілдір отынмен қамтамасыз етуді мүмкіндігінше жылдамдату керек және соған жұмыс жасаймын.

Санитарлық жағдайды жақсарту.

Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру.

Ауыл тұрғындарын арзан әрі жаңа піскен көкөністермен қамту мақсатында жылыжай салуды ұйымдастырамын.

Мәдени-спорттық нысандар.

Ауылдық клубты 2023-2024 жылдары күрделі жөндеуден өткізу және спорттық сауықтыру кешен құрылысын салдыру үшін аянбай еңбек етемін.

Жастарды қолдау.

Ауыл жастарының жұмыстан бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында әр спорт түрлерінен әуесқой көше клубтарын құруға атсалысамын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Шилдебаев Марат Тныштыкбаевичтың 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Шилдебаев Марат Тныштыкбаевич 1966 жылы 2 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді. 1983-1990 жылдары Алматы сәулет-құрылыс институтын «Құрылыс инженері» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1990-1991 жылдары «Қызылорда Азаматтық Жобалау» институтында инженер-жобалаушы ретінде бастаған. 1991-1992 жылдары «Жалағаш АГРО» бірлестігінің инженер-жобалаушысы, 1992-1997 жылдары Жалағаш ауданы Ақсу ауылының инженер-механигі, 1997-2003 жылдары «Сәрке батыр» ЖШС-да прораб, 2003-2004 жылдары «Облыстық сәулет-жобалау орталығы» Жалағаш аудандық филиалының директоры, 2005-2010 жылдары Қызылорда қаласы, «Асар Холдинг ЛТД» ЖШС-да прораб, 2011 жылы Қызылорда қаласы «НефтьТехСервис» ЖШС-де оператор, 2011-2022 жылдары Жалағаш ауданының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде маман, 2022 жылдан бастап осы кезге дейін Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының маманы қызметін атқарып келеді. Отбасылы, 1 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, шағын және орта бизнесті дамыту.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашуға күш саламын. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына бастамашы боламын. Сонымен қатар жұмыссыз азаматтарды қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлап, тиісті мамандық иелерін еңбекпен қамтуға жағдай жасаймын. Кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуымен қатар жергілікті бюджеттің нығаюына және салық базасының ұлғаюына септігін тигізеді. Осы ретте заман талабына икемделген шағын және орта кәсіпті дамыту бағытында жұмыс жасап, тұтынушылардың ең қажетті деген тауарларын өндірту бағытында тың идеяларды іздестіру және оны жүзеге асыру керек деп есептеймін. Кәсіпкерлікті дамыту бағытының оңтайлы жолдарының бірі – инвесторлар тарту бойынша жұмыс жасау.

Салықты ұлғайту мен ауыл шаруашылығы.

Ауылдық округте салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бюджетке басқа да төлемді міндеттердің түсу көлемін арттыру бағытында тиісті шаралар қабылдау керек. Ауыл шаруашылығына (мал шаруашылығымен қоса) жаңа технологияларды енгізу, шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін қолдану бағытында жұмыс жасау қажет.

Ауылдық округ бойынша инфрақұрылым.

Ақсу ауылдық округіндегі жаңадан қоныстанушы тұрғындардың көшелеріне электр желілері мен жоғары кернеулі подстанция орнатып, өз бетімен салынған электр желілерін ауыстыру жұмыстарын жүргізу керек. Ауылдық округ аумағын жарықтандыруды жалғастыру, абаттандыру, көгалдандыру, аяқ су және санитарлық тазарту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру негізгі міндетім деп білемін. Бұл жұмыстарды күнделікті жүргізіп, бақылауда ұстау қажет.

Білім беру, спорт және қоғамдық қауіпсіздік жұмыстары.

Ұлт болашағы – балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасау;

Ауылдық округ тұрғындарымен бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу;

Жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыру;

Құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

Ауылдық округте қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейнебақылау камераларын орнатуға жұмыс жасау;

Ауылдық округтегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;

Жастардың деструктивті діни ағымға еріп кетпеуі мақсатында танымал теологтарды шақыртып, семинарлар ұйымдастыруды қолға аламын.

Ашық әкімдік және әлеуметтендіру.

Ақсу ауылдық округі әкімдігінің қызметін халық үшін өзекті және тұрмыстық мәселелерді қарауына алу мақсатында «Facebook» парақшасын кеңінен пайдалану, «Ақсақалдар алқасы» мүшелерімен отбасы құндылықтарына бітімгершілік бағытын жандандыру, мүгедектер, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың жағдайына сәйкес қабылдаулар мен кездесулер өткіземін. Сондай-ақ тұрғындармен тікелей байланыс орнатудың барлық мүмкіндіктерін жасаймын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Сулейменов Гани Кенжегараевичтың 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Сулейменов Гани Кенжегараевич 1977 жылы 6 желтоқсанда Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1983-1994 жылдары Ақсу ауылындағы №116 орта мектептен орта білім алған. 1994-1999 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінен «Инженер жер үйлестіруші» мамандығын алып, 1999-2000 жылдары Отан алдындағы борышын Шымкент қаласындағы шекара қызметінде өтеді. 2019 жылы Қызылордадағы Болашақ университетін "Экономика" мамандығы бойынша бітірген.

Гани Кенжегараевич еңбек жолын 2001 жылы Жалағаш ауданы әкімінің аппаратынан бастап, ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы, 2014 жылы Жалағаш ауданы әкімінің аппараты, ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бөлім меңгерушісі, 2005-2010 жылдары Жалағаш ауданы әкімінің аппараты, ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы, 2010-2017 жылдары М.Шәменов ауылдық округінің әкімі қызметтерін абыроймен атқарды. 2017 жылдың қазан айынан бастап «Мәдениет және өнерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры болып қызмет атқарып келеді.

Сайлауалды бағдарламасы

«Туған жерге туыңды тік» дегендей, өзімнің туған ауылыма, еліме қызмет ету мақсатында Ақсу ауылдық округі әкімдігіне кандидат болып тіркелдім. Елге қызмет жасау абыройлы, жауапкершілігі мол іс деп білемін. Елге барғандағы жасалатын жұмыстардың, атқарылатын істің нақты төмендегідей жоспарларын жасадым.

1. Ауылдағы ағайынның бірлігін сақтау.

Қазіргі уақытта бірлік болмай тірлік болмайды. Сондықтан тұрғындардың бір-біріне деген қамқорлығына негізделген бірлік болу керек деп есептеймін. Ол үшін ауылдағы абыз ақсақалдарымыз бен ақжаулықты аналарымызбен, аға буын өкілдерімен, жастармен жұмысты күшейту бағытында үкіметтік емес ұйымдар жұмысын жандандыруға атсалысамын. Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтануына, ауыл жағдайының жақсаруы бағытындағы жұмыстарды атқаруға ауыл тұрғындары маған қолдау білдіреді деген сенімдемін.

2. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік хал-ахуалын жақсартудың бірден бір жолы – жұмыссыздықпен күрес.

Әрбір адам, әрбір отбасы тіршілікпен айналысуы керек. Сондықтан ауыл тұрғындарының белгілі бір тіршілікпен, кәсіппен айналысуына жағдай жасау – бірінші кезектегі міндеттерімнің бірі. Мемлекет тарапынан ұсынылып жатқан бағдарламалар мен жобалардың тиімді мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ауылда жұмыссыздар санын азайтып, кәсіп ашуға ынталы азаматтармен, ауыл шаруашылығын әртараптандыру жұмыстарымен шұғылданатын жерлестеріммен барынша жұмыс жасауға дайынмын.

3. Былтыр Жалағаш кентіне көгілдір отын келіп, көптеген тұрғындардың ризашылығын көріп келемін.

Көгілдір отынды тұрмыста пайдалану халықтың жағдайын жақсартып, көптеген мәселенің шешілуіне өз ықпалын тигізетінін білесіздер. Аудан әкімдігінің жоспарына сәйкес алдағы уақытта ауылымызға да көгілдір отын кіргізіледі деп жоспарлануда. Осы жоспардың уақытылы орындалуына ықпал етіп, халық игілігіне берілуіне өз септігімді тигіземін.

4. Ауылдың келбеті, әсемдігі ауыл тұрғындарына, келген қонақтарға ерекше әсер берері сөзсіз.

Сондықтан ауыл көшелерінің абаттандырылуына, асфальттануына жағдай жасалу керек. Осы бағытта жүйелі жұмыстарды тиісті мекемелермен байланыса отырып жүргізуді алға мақсат етіп қойдым. Жалпы ауыл келбетін жақсарту, халықтың әл-ауқатын көтеру, мұқтаж жандарға көмек көрсету сияқты кезек күттірмейтін жұмыстарға ауыл инвесторлары мен шаруашылықтарды, кәсіпкерлерді тарта отырып, Ақсу ауылынан түлеп, сыртта жұмыс жасайтын белгілі тұлғалармен байланысып, елге қажетті қызметті жасаймын.

5. Соңғы жылдары аяқ су елімізде үлкен мәселе болып келе жатыр.

Ауыл шаруашылығын дамыту, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына бұл кері әсерін тигізуде. Бұл бағытта Үкімет тарапынан беріліп отырған тапсырмаларды уақытылы орындап, Ақсуда аяқ су мәселесінің түбегейлі шешілуіне жоспарлы жұмыстарды жүзеге асырамын.

6. Жастар – ел болашағы.

Жастар шығармашылығын арттырып, бұқаралық спортты дамыту бағытында жұмыстар жасалу керек. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану бағытында тиімді жұмыстарды атқарамын.

7. Ауылдағы мәдениет саласының дамуына да ерекше көңіл бөлемін.

Себебі адамның мәдени-рухани дамуы, ұлттық өнеріміздің ұмытылмауы, жастарды өнерге, шығармашылыққа баулуы маңызды мәселе. Осы салада 5 жылға жуық жұмыс жасадым. Жинаған тәжірибем мен іскерлігім ауыл мәдениетін көтеруге өз септігін тигізеді деген сенімдемін. Биыл ҚР Президенті Жарлығымен «Балалар жылы» болып жарияланды. Осы бағытта бар мүмкіндікті пайдаланып, балаларымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуына жағдай жасаймын. Осыған орай облыс көлеміндегі тарихи орындарға, қасиетті жерлерге саяхаттардың дәстүрлі түрде ұйымдастырылуын назарға аламын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Әбсаттаров Жомарт Серікбайұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Әбсаттаров Жомарт Серікбайұлы 1982 жылы 10 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылында дүниеге келдім.

1989-2000 жылдары М.Шәменов ауылындағы Ә.Бердәулетов атындағы №34 орта мектебін бітірдім.

2000-2002 жылдары әскер қатарында болдым.

2013 жылы Қызылорда қаласындағы Болашақ университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірдім.

2016 жылдан бастап «М.Шәменов атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет атқарып келемін.

Отбасылы, 1 қыз, 3 ұл тәрбиелеп отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Мемлекет басшысының, облыс, аудан әкімдерінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру, соның ішінде ауылымыздың экономикасын көтеруге баса назар аударып, әрбір жанұяның мұң-мұқтажы мен ұсыныстарына әр уақытта мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін.

2. Ауылда балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

3. Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал етемін.

4. Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдардағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

5. «Дипломмен ауылға» жобасы және жергілікті бизнес субъектілерінің қолдауы арқылы ауылға жас мамандарды тұрақтандыру бағытында жұмыс жасаймын.

6. Ақсу ауылдық округінде жалпы еліміз бойынша жүргізіліп жатқан саяси, мәдени әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттау, ауыл халқымен бірлесе отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргіземін.

7. Ауыл тұрғындарының ауыз су, аяқ су мәселелерін үнемі назарда ұстап, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған, асыраушысы жоқ, мүгедек жандарды, материалдық жағдайы төмен отбасыларды назарда ұстап, көмек көрсетемін.

8. Ауылдан жаңа жұмыс көздерін ашуға, жаңадан кәсіп ашқысы келген азаматтарға қолдау көрсетуге және қажет болған жағдайда сырттан инвесторлар тартуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

9. Ауыл халқын көгілдір отынмен қамтамасыз етуді мүмкіндігінше жылдамдату керек екенін жақсы білемін және соған жұмыс жасаймын.

10. Ауыл тұрғындарын арзан әрі жаңа піскен көкөністермен қамту мақсатында жылыжай салуды ұйымдастырамын және олардың қатарын көбейту үшін жергілікті тұрғындардың мемлекеттік бағдарламалардың көмегін алуына қолғабыс етемін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Бекетов Нұржан Қалданұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Бекетов Нұржан Қалданұлы 1983 жылы 24 қазанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келдім.

2002-2007 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін инженер-гидротехник мамандығы бойынша тәмамдап шықтым.

2018-2020 жылдары «Ақмешіт» гуманитарлы-техникалық институтын құқық саласы бойынша мамандық иесі атандым.

2007-2017 жылдары аралығында су шаруашылығы саласында инженер, инженер-технолог, жетекші-инженер лауазымы бойынша түрлі қызметтер атқардым. 2017-2020 жылдары Жалағаш ауданы бойынша ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесінің аудандық бөлімнің бастығы болып жұмыс жасадым. 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін құрылыс және басқа да салалар бойынша атқарушы директор, директор лауазымы бойынша қызметтер атқарып келемін. Осы ауылдың азаматы ретінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың мүддесіне және халыққа қызмет етуді өзімнің азаматтық борышым деп есептеймін.

Сайлауалды бағдарламасы

Өзім осы ауылдың азаматы болғандықтан туған жерге қызмет етуді басты міндетім деп білемін. Осы себепті ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында төрт жыл ішінде атқарылатын жұмыстардың жүзеге асырылуына күш саламын.

Бірінші кезекте тұрған мәселе ауылдық мәдениет үйінің қазіргі жағдайы сын көтермейді. Бұл өз кезегінде ауылдың өнер және мәдениет саласының алға басуына айтарлықтай қолбайлау болып, жастардың өз өнерлерін дамытуына кері ықпал етуі мүмкін. Сондықтан мәдениет үйінің ғимаратын жаңадан салып, соңғы үлгідегі қажетті аппараттармен қамтамасыз етілуін өз міндетіме аламын.

Ауыл іргесіне келіп тұрған көгілдір отынның ауыл тұрғындары игілігін көріп, әрбір үйде газ отыны жанып тұруын қамтамасыз ету кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі деп санаймын. Осы себепті жоба-сметалық құжаттамасына қажетті қаражат көлемі бөлінуіне ықпал жасап, осы дайындалған ЖСҚ-ға сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарының атқарылуын қадағалап отырамын.

Ауылішілік М.Әуезов, Атамекен, Ақбөгет көшелеріне ағымдағы жөндеу, және де С.Дәулетбеков, Т.Қожағұлов, Т.Елеусінов, Т.Боранбаев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттамасын дайындаттырып, жөндеу жұмыстарына қажетті қаражаттың бөлінуіне жұмыс атқаратын боламын.

Ауылдық кітапхана, ауылдық округ әкімшілік ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуіне және тозығы жеткен электр желілері мен жарықтандырудың қайта жаңғыртуына өз үлесімді қосамын.

Бүгінгі таңда күнделікті пайдаланылатын ауыз су мәселесі толығымен шешілген болса, осы ауыз судың үздіксіз қамтамасыз етілуін ұдайы бақылауда ұстаймын. Ауылішілік аяқ су арықтарын қайта қазу және көгалдандыру-көркейту жұмыстарын атқару күн тәртібінде қадағалап отырамын.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында балабақша, ойын алаңы, орталық көпсалалық дүкен ашу үшін қажетті жұмыстарды атқаратын боламын.

Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында – жылыжай санын көбейту, тауық өсіру фермасы, ет-сүт өндіру мен дақыл өнімдерін өңдеу зауыттары және де ағаш-темір бұйымдарын жасау цехын ашу арқылы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоғарылатып, жұмыссыздар санын азайтудың негізгі жолын қарастыруға нақты қадам жасаймын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Туған жерді түлету – мақсатым

Қазақта «Адамның туған жері – Мысыр шаһары» деген қасиетті ұғым бар. Бойымызға азамат ретінде ана сүтімен, әке құтымен сіңген асыл қасиеттің бірі және бірегейі – кіндік кескен жеріңе деген құрметіңді туған жеріңе қызмет жасау арқылы адал атқару. Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады.

Әрине қазір еліміздің экономикасында кейбір қиындықтар болуы мүмкін. Бірақ біз барша ауыл халқы бірігіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарсақ, ол шыңдарды да алып, қиындықтың бәрін жеңеміз деп ойлаймын.

Мен үшін нақтылық – бүгінгі сөзден іске көшкен дәуірдің басты ұраны. Халыққа әрқашан жақын болып, елдің ортасынан табыла білсек, олармен қоян-қолтық жұмыс істесек қана біздің шешілмеген мәселеміз қалмайды. Халық – Алланың бір аты деп жайдан-жай айтылмаған. Елдің көңіліндегісін дөп басуға бар күшімді бұған дейін де салып келемін. Болашақта да алақандай ауыл азаматтарының көңіліне сызат түсірмей, қиындықта қасынан табылып, олардың басты проблемасын лауазымды билік өкілдеріне жеткізіп, оның шешілуіне тынбай жұмыс жасайтын боламын.

Осы елдің азаматы ретінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін шағын және орта бизнесті дамытуға, ауыл көшелерін жарықтандыруға, әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне жұмыс жасайтын боламын.

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдай білу және оны талапқа сай орындау әрбір ауыл әкімінің қасиетті борышы болуы шарт. Егер мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, ауылымыздың мәдени ошағы ауылдық клубқа жаңа ғимарат салынуына, 2022-2025 жылдар аралығында ауыл көшелерін жарықтандыруға, 2023 жылы Жаңаталап ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратына жөндеу жұмыстарын жүргізуге, келер жылдан бастап елді мекеннің ішкі көшелерін жөндеуге, 2024 жылға дейін балалар ойын алаңын салуға, ауыл мәдениетінің дамуына, тұрғындарға арналған демалыс саябағын ашуға және ауылға көрік беретін арка құрылысын салуға бар күшімді салатын боламын.

Әрине ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан да қосымша қаржыландыру көздерін іздеуге жұмыс жасаймын. Ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге жұмыс жасап, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастырамын.

Өзім туып өскен жердің халқын тұрақтандыру мақсатында отбасының рөлін арттыратын және отбасылық құндылықтарды нығайтатын түрлі мәдени шараларды өткізіп, елді бірлікке, ынтымаққа үндеп, халықты жасампаз істерге жігерлендіріп отырамын.

Жасыл желегі жайнаған ауыл келбетін қалыптастырып, көркейту-көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға күшімді салатын боламын. Бірлік бар жерде елдің ырысы артады. Жаңа Қазақстанды құру үшін баршамыздың бір шаңырақтың астына жиналып, қолда бар берекемізді тасытқанымыз жөн деп ойлаймын.

Куаныш Абдикалыков,
Жаңаталап ауылдық округі әкімінің сайлауына «Amanat» партиясынан үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Азаматтық ұстанымым – елге қызмет

АУЫЛ – БАРША ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ, БЕРЕКЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ. ИІСІ ҚАЗАҚТЫҢ ИГІ ЖАҚСЫЛАРЫ АУЫЛДАН ӨСІП, ҚҰНАРЛЫ ТОПЫРАҚТЫҢ ҚАДІРІН БАҒАЛАҒАН. НЕБІР ДАНАЛАРДЫҢ, ИГІ ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ШЫҚҚАН ЖЕРІ АУЫЛДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – БАРША БОЙДА НАМЫС ОЙНАҒАН АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ. МЕНІҢ ДЕ ЕЛГЕ ДЕГЕН ҚЫЗМЕТІМДІ АДАЛ АТҚАРСАМ, ЖАҢАТАЛАП АУЫЛЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШСЕМ ДЕГЕН АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫМ ОСЫ АУЫЛҒА ӘКІМДІККЕ ҮМІТКЕР БОЛУҒА ЖЕТЕЛЕДІ.

Егер ауыл тізгінін ұстасам, бірінші кезекте Мемлекет басшысының, облыс, аудан әкімдері саясатының негізінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге басымдық беремін. Ол үшін ауыл халқының жаңа да жайлы, заманауи тұрмыс кешуіне, әр отбасының әлеуметтік мәселелерін қаперге алып, мұң-мұқтажын, ұсыныс-пікірлерін тыңдап және оның тиімді шешілуіне жұмыс жасау қажет деп білемін.

Сондай-ақ ауыл халқының мәдениетін көтеруге бағытталған рухани орта қалыптастыруға күш салу керек. Ал денсаулық, спорт саласының жан-жақты дамуына басымдық беріп, ауыл халқымен ауыл шаруашылығын заманға сай дамыту жоспарларын жүзеге асырамын. Бұл жоспар жүзеге асса, ауылдың екінші тынысы ашылатынына кәміл сенемін. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жұмыссыздық. Әсіресе ауылдық елді мекенде бұл мәселеге жол бермеген абзал. Осы ретте алдымен әлеуметтік тұрғыдан төмен отбасылардың бюджеттен бөлек, қосымша көздер арқылы мәселесін шешуге тырысамын. Ауылдағы кәсіпкер азаматтармен бірлесе отырып, ауыл ішінің санитарлық тазалығына, қоғамдық тәртіптің сақталуына да мән беремін.

Одан бөлек көшелерді жөндеу жұмыстарын да қолға алу кезек күттірмейтін мәселе деп есептеймін. Шүкір, қазір ауылда ахуал тұрақты. Бірақ алдағы уақытта түрлі қылмыстар орын алмауы үшін учаскелік полиция қызметкері және ақсақалдар алқасы, көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөлемін. Ол үшін арнайы іс-шаралар жоспарлап, сол бағытта жастар тәрбиесін жүйеге түсіру керек. Өйткені жастар – қоғамның қозғаушы күші. Сол күшті түрлі қызықты жобалар мен жоспарлар арқылы ауылымызды жан-жақты дамытуға, көркейтуге жұмсаймын. Сондықтан ауылдық клубтың жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесін көбейтемін және ауыл өнерпаздарынан құрылған оркестр ұйымдастыруға жұмыс жасаймын. Ауылдағы кітапхана қорын толықтырып, жастарды әдеби көркем шығарма оқуға қалыптастырамын. Сол бағытты ұлттық тәрбиенің нысанына айналдырамын. Маған сайлаушының берген әрбір дауысы артылған сенім екенін жақсы білемін. Сондықтан алдағы 4 жылда ауылдық округті дамытуға бар қарым-қабілетімді жұмсаймын деп сіздерге уәде беремін. Әр азамат өз берген уәдесін айнымас анттай қабылдап, сол бағытта ерінбей-жалықпай жұмыс жасау керек деп ойлаймын.

Бауржан Шынжыров,
Жаңаталап ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Халықтың талап-тілегі бәрінен маңызды

Мен үшін Қазақстанның қай өңірі де туған жерім болып табылады. Отан ортақ болғаннан кейін оған адал қызмет ету сенің сол мемлекеттің қай жерінде еңбек етіп жатқаның маңызды емес. Бастысы егемен елдің ертеңіне һәм жарқын болашағына жасаған жұмысың жемісті болса, одан артығының керегі де жоқ.

Жалағаш ауданы қазір дамудың даңғыл жолына түсті десек, қателеспейміз. Ауданның әрбір елді мекенінде жарқын жобалардың қолға алынуы бұл сөзімізге тұздық болары тағы да анық. Жаңаталап ауылдық округінде де жыл сайын біршама жұмыстар жүзеге асып жатыр. Бастысы оның барлығы халықтың қажетіне жарап тұр. Алайда бұл ауылдық округте ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Менің алдағы саяси науқанда ауылдық округ әкіміне үміткер ретінде бақ сынауыма осы басты себеп болып отыр.

Расында Жаңаталап елді мекенінің қазіргі тыныс-тіршілігі көпке үлгі боларлықтай. Мұны жергілікті халық та жақсы біледі деген ойдамын. Ауылдың ауызбіршілігін айтпағанның өзінде, осында атқарылған шаруалар да жетіп артылады. .

Менің осы сайлауда бақ сынауымның басты мақсаты – ауылымның көркейіп, дамуына өз үлесімді қосу, еңбегімді сіңіру, тұрғындармен бірлесе отырып жарқын жобаларды, игі істерді атқару. Ол үшін, әрине бірінші кезекте елдің, халықтың һәм сайлаушылардың қолдауы маңызды рөл атқарады.

Болашақта ауыл әкіміне үміткер ретінде біршама жобаларды қолға алмақпын. Өйткені халық сенім артқан соң, сол сенім үдесінен шығу менің міндетім деп білемін. Өйткені әрбір сайлаушының дауысы маған жауапкершілік жүктейді. Ертеңгі күні сол сенім үдесінен шығу мен үшін үлкен абырой екенін де айта кетейін.

Елді мекеннің дамуы жолында бар қарым-қабілетімді жұмсау арқылы мен ауыл халқының әлеуетін арттыра отырып, елді мекеннің еңсесін тіктеймін. Ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында нақты жоспарға құрылған жұмыстарымды саралаймын.

Төрт жылдық сайлауалды бағдарламамда тұрғындар көтерген мәселелерді ескеруді жөн көрдім. Себебі мен үшін халықтың талап-тілегі маңызды рөл атқарады.

Бірінші кезекте ауылдағы ішкі көшелердің сапасына мән беремін. Ал халықтың салауатты өмір салтын жақсарту мақсатында спорттық сауықтыру кешенін салу қажет екенін де жақсы білемін. Сондықтан бұл жұмыстарды күн тәртібінен түсірмеген жөн деп санаймын.

Жаңаталап ауылдық клубының ғимараты да бүгінде қайта салуды қажет етеді. Бұл мәселе шешімін таппаса, ауылда мәдениет саласының алға басуына айтарлықтай қолбайлау боларын да жақсы білемін. Сондықтан ғимарат мәселесін шешуге жұмыс жасауды назарда ұстаймын.

Ауыл халқының тұрмыстық сапасын арттыруда мемлекеттік бағдарламалардың берері көп деп ойлаймын. Бұл тұрғыда кәсіппен айналысамын деушілерге мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тетіктерін ұсынуға, сол арқылы қайтарымсыз грантқа ие болуға, несиеге қол жеткізуге күш жұмсаймын. Кәсіпорындардың ауылда көп болғаны дұрыс, бір жағынан бұл жергілікті кірісті еселеуге сеп болса, келесі кезекте жұмыссыздық мәселесін тұсаулауға да қолғабыс болары анық.

Ауылдың ажары артып, дамуына сеп болатын жарқын жобаларда менің жоспарымнан тыс қалмайды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл тұрғындарын оқытуға, олардың несиелер және грант алуына қолғабыс етемін. Себебі бұл сала халықтың әлеуетін арттырудың тиімді тұсы екенін жақсы білемін.

Жаңаталаптық ағайынның талап-тілегі мен үшін аса маңызды, мұны бағана жоғарыда да айтып өттім. Әрбір елді мекеннің мәселесі сол өңірдің халқына жат емес. Сондықтан олардың талап-тілегінен құлақ түру арқылы көтерген мәселелерінің шешімін табуға жұмыс жасау менің негізгі міндетім болып қала береді.

Абай Көшеров,
Жаңаталап ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Әрбір сайлаушының дауысы – маған артылған сенім

«Туған жерге туыңды тік» дегендей, ауылыма қызмет ету мақсатында Ақсу ауылдық округі әкімдігіне үміткер болып тіркелдім. Елге қызмет жасау абыройлы, жауапкершілігі мол іс деп білемін. Қазіргі уақыт талабы сөз бен істің алшақтығын көтермейді. Сондықтан көп сөзділіктен аулақ болып, нақты іспен айналысамын деген мақсат бар. «Мен мынадай істеймін, солай жасаймын, болмайтын істі болдырамын» деп уәде берудің де қажеті бола қоймас. Сол үшін елге барғандағы жасалатын жұмыстардың, атқарылатын істің нақтылығына басымдық беремін.

Ауылдағы ағайынның бірлігін сақтау бәрінен маңызды. Сондықтан елде тұрғындардың бір-біріне деген қамқорлығына негізделген бірлік болу керек деп есептеймін. Ол үшін ауылдағы абыз ақсақалдарымызбен, ақжаулықты аналарымызбен, аға буын өкілдерімен, жастармен жұмысты күшейту бағытында, бір сөзбен айтқанда, үкіметтік емес ұйымдар жұмысын жандандыруға ат салысамын. Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтануына, ауыл жағдайының жақсаруы бағытындағы жұмыстарды атқаруға ауыл тұрғындары қолдау білдіреді деген сенімдемін.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартудың бірден-бір жолы – жұмыссыздықпен күрес. Әрбір адам, әрбір отбасы тіршілікпен айналысуы керек. Сондықтан ауыл тұрғындарының белгілі бір тіршілікпен, кәсіппен айналысуына жағдай жасау – негізгі міндеттерімнің бірі. Мемлекет тарапынан ұсынылып жатқан бағдарламалар мен жобалардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ауылда жұмыссыздар санын азайтып, өз кәсібін ашамын деп ниет еткен азаматтармен, ауыл шаруашылығын әртараптандыру жұмыстарымен шұғылданатын жерлестеріммен барынша жұмыс жасауға дайынмын.

Былтыр Жалағаш кентіне көгілдір отын келіп, тұрғындардың ризашылығын көріп келемін. Көгілдір отынды күнделікті тұрмыста пайдалану халықтың жағдайын жақсартып, көптеген мәселенің шешілуіне өз ықпалын тигізетінін білесіздер. Аудан әкімдігінің жоспарына сәйкес алдағы уақытта ауылымызға да көгілдір отын кіргізіледі деп жоспарлануда. Осы жоспардың уақытылы орындалуына ықпал етіп, ел игілігіне берілуіне өз септігімді тигіземін.

Ауылдың келбеті, әсемдігі ауыл тұрғындарына, келген қонақтарға ерекше әсер берері сөзсіз. Сондықтан ауыл көшелерінің абаттануына, асфальттануына жағдай жасалу керек. Осы бағытта жүйелі жұмыстарды тиісті мекемелермен бірлесе жүргізуді мақсат еттім. Жалпы ауыл келбетін жақсарту, халықтың әл-ауқатын көтеру, мұқтаж жандарға көмек көрсету сияқты кезек күттірмейтін жұмыстарға ауыл инвесторлары мен шаруашылықтарды, кәсіпкерлерді тарта отырып, Ақсу ауылынан түлеп ұшқан сыртта жұмыс жасайтын белгілі тұлғалармен байланысып, елге қажетті қызметті жасаймын.

Соңғы жылдары аяқ су елімізде үлкен мәселе болып жатыр. Ауыл шаруашылығын дамыту, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына бұл кері әсерін тигізуде. Бұл бағытта Үкімет тарапынан беріліп отырған тапсырмаларды уақытылы орындап, ауылда аяқ су мәселесінің түбегейлі шешілуіне жоспарлы жұмыстарды жүзеге асырамын.

Жастар – ел болашағы. Жастар шығармашылығын арттырып, бұқаралық спортты дамыту бағытында жұмыстар жасалу керек. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану бағытында тиімді жұмыстарды атқарамын. Ауылдағы мәдениет саласының дамуына да ерекше көңіл бөлемін. Себебі адамның мәдени-рухани дамуы, ұлттық өнеріміздің ұмытылмауы, жастарды өнерге, шығармашылыққа баулу маңызды. Осы салада 5 жылға жуық жұмыс жасадым. Жинаған тәжірибем мен іскерлігім ауыл мәдениетін көтеруге өз септігін тигізеді деген сенімдемін.

Биыл ҚР Президенті Жарлығымен «Балалар жылы» болып жарияланды. Осы бағытта бар мүмкіндікті пайдаланып, балаларымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуына жағдай жасаймын. Осыған орай облыс көлемінде тарихи орындарға, қасиетті жерлерге саяхаттардың дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұруын назарға аламын.

Билік пен халықтың арасының барынша жақындауына жұмыс істеймін. Яғни билік өкілі ретінде халық арасындағы кез келген диалогта ашықтық, еркіндік, шынайылық болады деп сендіремін. Мемлекет басшысының да қазіргі уақытта қойып отырған талабы осындай. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасымен жұмыс істесек, сонда ғана қолға алған ісіміз алға басады. Бұл жоспарларды орындау үшін саяси науқанда маған қолдау білдіреді деп сенемін. Мен тек бұл бағыттармен тоқталып қана қоймаймын, ауылымның, туған жерімнің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін, халқымның әл-ауқатының жақсаруы үшін аянбай еңбек етуге дайынмын.

Гани Сулейменов,
Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Сайлаушылардың сенімі бәрінен жоғары

Алдағы сайлаудың мен үшін маңызы зор. Себебі дәл осы саяси науқан үміткерлердің біріне тұтас бір ауылдың әлеуетін арттырып, елді мекен халқының тұрмыс сапасын арттыруға мүмкіндік бергелі отыр. Осы мүмкіндікке ие болып, мен де Ақсу ауылдық округінің жарқын болашағына жұмыс жасауға бел буып отырмын. Ол үшін, әрине бірінші кезекте халықтың қолдауы, елдің ауызбіршілігі мен ынтымағы қажет.

Иә, мен үшін әрбір сайлаушының дауысы аса маңызды. Себебі ол маған жауапкершілік жүктейді. Тұтас ел маған сенім артқаннан кейін сенім үдесінен шығуға жұмыс жасауды азаматтық міндетім деп білемін. Сондықтан маған ауыл тұрғындарымен етене араласып, ұсыныс-пікірлерін ескере отырып жұмыс жасау қажет деп білемін.

Жалпы Ақсу ауылдық округі аудан орталығына жақын орналасқандықтан бұл елді мекеннің еңесін тіктеуге мүмкіндік мол деп ойлаймын. Тек соны тиімді пайдалана отырып, елді мекеннің ертеңіне жүйелі жұмыс жасау қажет.

Бұған дейін де елді мекенде атқарылған жұмыстарды жоққа шығармаймын. Бірақ әлі де өңірде шешімін таппаған мәселелер жоқ емес. Міне, менің саяси науқанда үміткер ретінде бақ сынауыма осы мәселелер сеп болып отыр.

Ауылда әсіресе жол мәселесіне қатысты атқарылуы тиіс жұмыс жетерлік. Ақсу ауылына кіреберіс аудандық маңыздағы автомобиль жолына жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды мен өзімнің алдағы 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда қамтыдым. Сондай-ақ Ақсу ауылы мен Беркімбай кәлпе тілеуханасы арасындағы автожолды да күрделі жөндеу менің күн тәртібімнен түспейді. Мұнан бөлек күрделі жөндеуді қажет ететін ішкі көшелер де жоқ емес.

Ақсу елді мекеніне газ тарту желілерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысын салуды қамтамасыз ету қажет деп есептеймін. Аудан орталығына жақын орналасқан ауыл болғандықтан бұл жұмыстарды кейінге қалдырудың да реті жоқ. Сондықтан алдағы уақытта халықтың қалауымен әкім болған жағдайда бұл менің бірінші кезекте қолға алар жобаларымның бірі болмақ.

Ауылда мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде типтік балабақша құрылысын салуға жұмыс жасаймын. Ұрпақ тәрбиесі үшін оның маңызы зор екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Ал елді мекендегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жаңарту да күн тәртібімнен түспейді.

Ауыл ішінде көркейту-көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру керек. Сол себепті ауыл халқына тазалықты сақтау мәдениетін арттыру, жастар арасында тазалықты насихаттау шараларын ұйымдастыру басты назарымда болады.

Ауылға бизнес өкілдерін тарта отырып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын салу негізгі мақсаттарымның бірі болып табылады. Қазіргі таңда қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау арқылы кәсіпкерлікті қолдау және шағын, орта бизнестің дамуына үлес қосу да менің қолымнан келетініне сенемін. Бұл бірінші кезекте елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, өңірдің кіріс көзін ұлғайтуға, елді мекенде жұмыссыздық мәселесін тұсауға көмек болады.

Ауылдағы мобильді интернет байланыс жилігі мен жылдамдығын көтеру бағытында жұмыстар жасау қажет. Сондай-ақ аяқ су мәселесін ретке келтіру, инвесторларды тарту арқылы ауыл тұрғындарына арналған монша салу менің 4 жылда атқаратын негізгі жұмыстарым болып табылады.

Ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруі үшін әлеуметтік теңсіздікті жоюды, халықтың бұқаралық спортпен айналысуына және жастардың бос уақытын тиімді пайдалануына іс-шаралар ұйымдастыруды күн тәртібінен түсірмеймін.

Мен үшін халықтың сенімі бәрінен жоғары. Ал сол сенім үдесінен шығуға менің 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда қамтылған жобалар көмектесетініне сенемін. Әрқашан жергілікті халықпен ақылдаса отырып, Ақсудың жарқын болашағына жұмыс жасау менің күнделікті жұмысым болып қала береді.

Мейрамбек Сығайбаев,
Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Туған жерді түлету – басты мақсатым

Туған жерді түлету менің негізгі міндетім деп есептеймін. Әр салада жиған тәжірибеңді сол туып өскен өңіріңнің өркендеуіне жұмсаудан асқан бақыт жоқ. Аздыкөпті әр салада еңбек еттік. Енді сол еңбек еткен жылдардағы жиған тәжірибемді ауылдың жарқын болашағына жұмсайтын уақыт келді деп ойлаймын.

Өзім Ақсу ауылдық округінің азаматы болғандықтан туған жерге қызмет етуді басты міндетім деп білемін. Сол себепті ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында төрт жыл ішінде атқарылатын жұмыстардың жүзеге асырылуына күш саламын. Алдағы саяси науқанда үміткер ретінде бақ сынауым да сондықтан. Маған әрбір сайлаушының дауысы жауапкершілік жүктей отырып, шабыт береді. Халықтың сенім үдесінен шығу үшін ауылдастарымның қолдауы, ауызбіршілігі мен ынтымағы керек екенін де жақсы білемін.

Қазіргі таңда Ақсудағы ауылдық мәдениет үйінің жағдайы сын көтермейді. Сондықтан мәдени ошақ ғимаратын жаңартуға жұмыс жасауды бірінші кезекке қоямын. Себебі бұл өз кезегінде ауылдың өнер және мәдениет саласының алға басуына айтарлықтай қолбайлау болып, жастардың өз өнерін дамытуына кері ықпал етуі мүмкін. Сондықтан мәдениет үйінің ғимаратын жаңадан салып, соңғы үлгідегі қажетті аппаратуралармен қамтамасыз етілуін қадағалаймын.

Ауыл іргесіне келіп тұрған көгілдір отынның ауыл тұрғындары да игілігін көруі тиіс. Әрбір үйде газ тұтынуын қамтамасыз ету кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі деп санаймын. Сол себепті жоба-сметалық құжаттамасына қажетті қаражаттың бөлінуіне ықпал жасап, осы дайындалған ЖСҚ-ға сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарының атқарылуын қадағалап отырамын.

Ақсуда бүгінгі таңда бірқатар ішкі көшелер жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Ауылішілік М.Әуезов, Атамекен, Ақбөгет көшелеріне ағымдағы жөндеу және С.Дәулетбеков, Т.Қожағұлов, Т.Елеусінов, Т.Боранбаев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттамасын дайындаттырып, жөндеу жұмыстарына қажетті қаражаттың бөлінуіне жұмыс атқаратын боламын. Осылайша ауылдағы жол сапасына қатысты мәселелерді болдырмауға күш саламын.

Ауылдық кітапхана, ауылдық округ әкімшілік ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуіне және тозығы жеткен электр желілері мен жарықтандырудың қайта жаңғыртылуына өз үлесімді қосамын. Бүгінгі таңда күнделікті пайдаланылатын ауыз су мәселесі толығымен шешілген болса, осы ауыз судың үздіксіз қамтамасыз етілуін ұдайы бақылауда ұстаймын. Ауылішілік аяқ су арықтарын қайта қазу және көгалдандыру-көркейту жұмыстарын атқаруды да қадағалап отырамын.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында балабақша, ойын алаңы, орталық көпсалалық дүкен ашу үшін қажетті жұмыстарды атқаратын боламын. Ал кәсіпкерлік саласын қолдау мақсатында жылыжай санын көбейту, тауық өсіру фермасы, ет-сүт өндіру мен дақыл өнімдерін өңдеу зауыттары және ағаш-темір бұйымдарын жасау цехын ашу арқылы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоғарылатып, жұмыссыздар санын азайтуға нақты қадам жасаймын.

Иә, Ақсу – өзім туып өскен жерім, сондықтан бұл ауылда қандай мәселе бар, оның қайсысын кезек күттірмей шешуге болады, қайсысын алдағы уақытта кезең-кезеңімен шешеміз, мұның бәрі маған таңсық емес. Ал туған жерімнің жарқын болашағына жұмыс жасауға алдағы саяси науқан үлкен мүмкіндік береді деген сенімдемін. Ол үшін, әрине бірінші кезекте елдің қолдауы қажет. Қай істі де халықпен ақылдасып шешу менің негізгі ұстанымыма айналады. Сондықтан маған әрбір сайлаушының дауысы үлкен жауапкершілік жүктейтінін жақсы білемін.



Нұржан Бекетов,
Ақсу ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Жарқын жобалар – ауыл игілігіне

Ауыл – кез келген адам үшін алтын бесік. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» дегендей, туған жерден түлеп ұшқан әр азамат үшін ауылдың жағдайы алаңдатары сөзсіз. Бүгінгі таңда алыста орналасқан ауылдардың өзінде өмір сүруге қолайлы ахуал қалыптасып келеді. Ауыл көшелері бұрынғыдай қараңғылықтың қойнауында емес, жарықтандырылды, көшелері де асфальтталып жаңа кейіпке енді. Ауыз судан мәселе жоқ, үйді-үйге кіргізілген. Қысқасы ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасы жақсарып келеді, ел еңсесін тіктеді деуге болады.

Кез келген ауылдың мәселесіз болуы мүмкін емес шығар. Қордаланған мәселелер болмағанымен, халықтың көкейінде жүретін бірен-саран жасалуы тиіс жұмыстардың болуы анық. Бір жылда бәрінің шешімін табу қиындық тудыратыны тағы бар. Сондықтан бірнеше жылдық бағдарлама дайындап, жұмыстарды жоспарлап, сол арқылы жүйемен іске кірісу керек. Менің осы сайлауда бақ сынауымның себебі де осы. Ақсу ауылының көркейіп дамуына өз үлесімді қосу, еңбегімді сіңіру, тұрғындармен бірлесе отырып жарқын жобаларды, игі істерді атқару. Болашақта ауыл әкіміне үміткер ретінде бірнеше жобаны қолға алмақпын. Ең әуелі Мемлекет басшысының, облыс, аудан әкімдерінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру, соның ішінде ауылымыздың экономикасын көтеруге баса назар аударып, әрбір жанұяның мұң-мұқтажы мен ұсыныстарына мұқият көңіл бөлу, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін. Меніңше ауыл әкімінің жауапкершілігін арқалаған азаматқа артылатын сенім өте жоғары. Сол сенім үдесінен шығуда жасалатын жұмыстардың ауқымы аса маңызға ие. Мәселен, білім, денсаулық, мәдениет, спорт салаларының дамуына күш салу ел мәдениетінің, әлеуметтік-экономикалық жағдайының және ауылдағы барлық ілкімді істердің бастамасы болуға алып барады. Оның ішінде жастар саясатын жүзеге асыру, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру назардан тыс қалмауы қажет.

Әрине әлеуметтік сала – күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Бұл тұста осындай жағдайы төмен деңгейдегі жандардың талап-тілегін, мұң-мұқтажын тиісті орындарға жеткізіп, мейлінше тез шешімін табуына жәрдемдесу керек. Сондай-ақ ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, ең бастысы қоғамға пайдалы іспен шұғылдануына жағдай жасаймын. Жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал ету, кәсіпкерлік саласын дамытып, кәсіп ашамын дегендерге қолдау көрсетіп, сол арқылы жұмыссыздар санын азайтуға да мән беремін.

Айта кету керек, ауылдық жерлерде көбіне білікті мамандар жетіспей жатады. Бірақ ауылды дамыту үшін жаңаша бағытта жұмыс істейтін жастардың келуі де керек. Осы ретте менің тарапымнан кәсіби мамандар тарту жұмыстары атқарылатын болады. Ол үшін «Дипломмен ауылға» жобасы және жергілікті бизнес өкілдері тарапынан қолдау арқылы ауылға жас мамандарды тұрақтандыру бағытындағы жұмыстар жасалады.

Өзім үміткер болып отырған Ақсу ауылында еліміз бойынша жүргізіліп жатқан саяси, мәдени, әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттау, ауыл халқымен бірлесе отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуді жоспарладым. Ауыл тұрғындарының ауыз су, аяқ су мәселелерін үнемі назарда ұстап, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған, асыраушысы жоқ, мүгедек жандарды, материалдық жағдайы төмен отбасыларды қайырымды істерден құр қалдырмау да күн тәртібімде болады.

Жомарт Әбсаттаров,
Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Кәсіпкерлікті дамытуға күш салу керек

«Ауылына қарап, азаматын таны» демекші, осы елдің азаматы болғандықтан, өзіміз тұратын өлкенің өркендеуіне атсалысу – азаматтық парызымыз. Әсіресе өзіміз тұратын өлкенің өркениетке қадам басуы осындағы іскер азаматтарға да байланысты. Сол себептен ойға алған барлық мақсат-міндеттерімізді, жоспарларымызды жүзеге асыру да табандылық танытудың маңызы зор. Ал ауыл әкімі болу үшін іскерлік және жауапкершілік жүгін арқалай алатындай қабілетің болуы қажет.

Мен Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде өзін-өзі ұсынғандардың қатарындамын. Бірнеше жылдық сайлауалды бағдарламамда ауыл тұрғындарының әлеуетін көтеретін маңызды мәселелерді қамтыдым. Әрине әлеуметтің әлеуеті әрқашан жұмыс жайымен тікелей байланысты. Сондықтан да ауылдық жерде тұрақты жұмыс орындарына орналасу мүмкін бола бермейтінін ескеріп, кәсіпкерлік саласының дамуына мән бердім. Өйткені әрбір жұмыссыз тұрғын төмен пайызбен несие алу немесе қайтарымсыз грантқа ие болу арқылы табысын еселесе, ауыл халқының тұрмысы жоғарылайтыны анық. Ал ол кәсіппен айналысуды қолға алған адам тек өзінің ғана жағдайын жасамайды, тіпті ауыл тұрғындарын да жұмыспен қамтуға мүмкіндік алады.

Жалпы ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашу қажет. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына бастамашы болуға толықтай мүмкіндік бар. Менің алға қойған мақсаттарымның ішінде осы саланың ауылда кеңінен қанат жаюына мүмкіндік беретін бірнеше ауқымды жұмыстар да бар. Мәселен, жұмыссыз азаматтарды қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлап, тиісті мамандық иелерін еңбекпен қамтуға жағдай жасаймын. Кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуымен қатар жергілікті бюджеттің нығаюына және салық базасының ұлғаюына септігін тигізетіні рас. Менің сайлауалды бағдарламамда кәсіпкерлікті дамыту бағытының оңтайлы жолдарының бірі инвесторлар тарту бойынша жұмыс жасау жайы жан-жақты қарастырылған.

Ақсу ауылында мәселе жоқ емес. Жұмыссыздық жайын айтпағанның өзінде, жаңадан қоныстанушы тұрғындардың көшелеріне электр желілері мен жоғары кернеулі подстанция орнатып, өз бетімен салынған электр желілерін ауыстыру жұмыстарын жүргізу керек. Бұл мәселе де өте өзекті екені даусыз. Ал ауданға ең жақын ауылдық округтің келбетінде кемшін тұс болмауы керек екені тағы бар. Ол үшін аталған елді мекендегі жарықтандыру жұмыстарын толықтай аяқтау, көшелерді көркейтіп-көгалдандыру, аяқ су тапшылығын ретке келтіру жұмыстарын дер кезінде қолға алу қажет.

Тағы айта кететін жайт, білім саласының жұмысын бұдан ары жетілдіруде сапалы білім беру тетіктерін қарастыру керек. Ол үшін балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасалуы қажет. Егер саланың жұмысы жанданса, білімді де білікті жастардың көптеп шығатыны және елімізге пайдалы мамандардың қалыптасатыны бесенеден белгілі. Сондықтан ауыл мектептеріне де аса мән беріп, барлық инфрақұрылымды дамыту қажет. Ауылдағы қордаланған мәселелерді кезең-кезеңімен шешу де, тұрғындарды, оның ішінде жастарды салауатты өмір салтына шақыру, әсіресе жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыру назардан тыс қалмайтын жұмыстар. Ең бастысы ауылдағы қоғамдық тұрақтылықты қалыптастыруда, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейнебақылау камераларын орнатуға жұмыс жасалуы тиіс.

Айта берсек, ауылдық жерлерде жасайтын жұмыс көп. Бастысы сол істерді үйлестіре алатын азаматтар келуі керек. Мен жоғарыда атап өткен мәселелердің барлығын талдап, саралап, ой елегінен өткіздім және оң нәтижеге жетуде қиындық туындамайды деп сенемін.

Марат Шилдебаев,
Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Ауыл болашағын жарқын ету – басты міндетім

Өзім туып өскен Жалағаш ауданының қай ауылы болсын, мені болашағы бейжай қалдырмайды. Шүкір, қазір бұрынғыдай емес, елді мекендердің еңсесін тіктеуге барлық мүмкіндік бар. Оған мемлекет жағдай жасап отыр. Дәл сол мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, мен Ақсу ауылдық округін дамытуға жұмыс жасағым келеді. Алдағы сайлауда бақ сынауыма да басты себеп осы болып отыр.

Аудан орталығына жақын орналасқан ауылдың тыныс-тіршілігі маған жақсы таныс және бұл ауылды дамытуға, көркейтіп-көгалдандыруға, елді мекен халқының әлеуетін арттыруға жұмыс жасаймын деген адамға мүмкіндік мол.

Өзім де ауылдық жерде туып-өскендіктен, «Ауыл – ел бесігі» деген қағида жадымнан шықпақ емес. Ауыл халқының әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта кәсіп көздерін көбірек ашу, ауыл жастарын мүмкіндігінше жұмыспен қамту өз адамгершілік борышым деп білемін. Алдағы төрт жылда оны жүзеге асыруды басты мақсат етіп отырмын.

Бірінші кезекте ауыл халқының әлеуметтік ахуалын жақсарту керек. Ол үшін ауылдан жаңа жұмыс көздерін ашуға, жаңадан кәсіп ашқысы келген азаматтарға қолдау көрсетуге және қажет болған жағдайда сырттан инвесторлар тартуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Қазір мемлекет кәсіп бастаймын деген жандарға бар жағдайды жасап қойды. Ал оның ауыл халқы пайдасын көруі үшін мейлінше оларға қолғабыс ету керек. Кәсіпкерлік саласын ауылда дамыту арқылы екі жеп биге шығуға болады. Яғни сен бірінші кезекте ауылдың кіріс көзін арттыруға қол жеткізсең, келесі кезекте жұмыссыздық мәселесін шешуге де мүмкіндік туады. Бір жағынан халықтың да тұрмыс сапасын арттыруға жол ашылары сөзсіз.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуға жұмыс жасаймын. Ал ауылда көшелерді асфальттап, абаттандыруды да күн тәртібінен түсірмеймін. Сол себепті ауыл көшелеріне асфальт жүргізіп, жарықтандыру, Жалағаш-Ақсу тас жолын күрделі жөндеуден өткізу менің сайлауалды бағдарламамның маңызды бөліміне кіріп отыр. Себебі мұның бәрін халықтың талап-тілегі деп білемін.

Қазір кент орталығына көгілдір отын жетіп, жергілікті халық газ тұтынып отыр. Неге оның аудан іргесінде қоныстанған ақсулықтар да игілігін көре алмайды? Бұл сауалдың түйінін тарқатуға да мүмкіндік жоқ емес. Сондықтан ауыл халқын көгілдір отынмен қамтамасыз етуді мүмкіндігінше жылдамдату керек және соған жұмыс жасаймын.

Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын. Себебі тазалық, туған жердің көркеюіне жұмыс жасау бізге ортақ парыз деп білемін.

Ауыл тұрғындарын арзан әрі жаңа піскен көкөністермен қамту мақсатында жылыжай салуды ұйымдастыру керек деп білемін. Мен мұны сайлауалды бағдарламамда да айтып өттім. Себебі кәсіптің бұл түрін жандандыру жаз ортасына дейін ауылда көкөніс және бақша дақылдарының бағасында тұрақтылық қалыптастыру үшін аса қажет.

«Жалпы осы ауылға әкім болып, халыққа қандай пайдамды тигіземін?» деген сауал мені толғандырады. Ал оның түйінін тарқатып және халықтың да, өзімнің де көз жеткізуім үшін алдымен елдің ынтымақ-бірлігі һәм қолдауы аса қажет. Мен үшін әрбір сайлаушының дауысы аса маңызды.

Рустам Ідірісов,
Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

ЖАҢАТАЛАПТА ЖАРҚЫН ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛҒА АЛАМЫН

Қай жерде де іскерлік пен жауапкершілік зор сенім алып келеді. Әсіресе мемлекеттік қызметте жүру үшін адал әрі абыроймен жұмыс жасау халықтың билікке деген көзқарасын қалыптастырады. Мен де өзіме артылатын жауапкершілік жүгінің ауыр болатынын білемін. Бірақ ел артқан сенім үдесінен шығу қолымнан келетініне сенімдімін. Сондықтан да сайлау науқанында жерлестерімді дауыс беруге шақырамын. Мен үшін әрбір сайлаушының дауысы маңызды.

Куаныш Абдикалыков,
Жаңаталап ауылдық округі әкіміне
«Amanat» партиясынан үміткер

ӘРБІР САЙЛАУШЫНЫҢ ДАУЫСЫ – МАҒАН АРТЫЛҒАН СЕНІМ

Ауданның даму көрсеткіші өңірге қарасты елді мекендердің көркеюімен көрінеді. Өйткені ауылдарда қолға алынған жарқын жобалар дамудың баспалдағына аяқ бастырып, тиісінше өркениетке жетелейді. Ауданға қарасты Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде мен үшін әрбір сайлаушының таңдауы, дауысы аса маңызды. Мен де ел артқан сенімді ақтауда мақсатты түрде жұмыс жасап, жауапкершілікті әрқашан алғашқы орынға қоятын боламын. Сондықтан Ақсу ауылының тұрғындарын маған сенім артып, дауыс беруге шақырамын.

Гани Сулейменов,
Ақсу ауылдық округі
әкіміне үміткер

АУЫЛ БОЛАШАҒЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Осы елдің азаматы болғандықтан, өзіміз тұратын өлкенің өркендеуіне атсалысу – азаматтық парызымыз. Ойға алған барлық мақсат-міндеттерімізді, жоспарларымызды жүзеге асыруда табандылық таныту керек. Ал ауылдық округ әкімі болу үшін іскерлік және жауапкершілік жүгін арқалай алатындай қабілеттің болуы қажет. Мен Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде өзін-өзі ұсынғандардың қатарындамын. Мен үшін әрбір дауыс берушінің таңдауы маңызға ие екенін айтқым келеді. Сондай-ақ барлығыңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Марат Шилдебаев,
Ақсу ауылдық округі
әкіміне үміткер

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Бұл сайлау науқанының мен үшін маңызы зор. Өйткені осы сайлауда жинаған дауысым менің мақсаттарымды орындауға үлкен қолғабыс боларын жақсы білемін. Сол себепті жаңаталаптықтарға әрбірінің таңдауы маңызды екенін тағы да айтқым келеді. Ауылдың өсіп-өркендеуі жолында еселі еңбек етіп, келелі істерді қолға алатынымды сеніммен айта аламын. Барлығыңызды белсенділік танытып, дауыс беруге шақырамын. Халықтың талап-тілегіне жұмыс жасау – менің негізгі міндетім.

Абай Көшеров,
Жаңаталап ауылдық округі
әкіміне үміткер

АУЫЛДЫ АБАТТАНДЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТІМ

Осы сайлау науқанында халықтың қалауымен жоғары дауыс жинап жатсам, көрікті өлкенің бұдан ары көшілгері болуына күш саламын. Әсіресе жұмыссыздық жайына, жастар мәселесіне аса мән беремін. Әлеуметтің әлеуетін арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталатын кәсіпкерлік саласының да кең қанат жаюына жұмыс жасаймын. Ақсулықтарды, сайлаушыларды маған дауыс беруге және дұрыс таңдау жасауға шақырамын. Елдің азаматы ретінде өзіме артылған сенімді ақтай отырып, елеулі істерді қолға аламын. Аудан іргесіндегі Ақсу ауылының болашағын жарқын ету – негізгі міндетім.

Жомарт Әбсаттаров,
Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер

АРТЫЛҒАН СЕНІМДІ АҚТАЙМЫН

Ақсу ауылдық округі – даму үстіндегі елді мекендердің бірі. Ауылда көптеген жұмыстар атқарылды. Бірақ елді мекеннің мәселесіз болуы мүмкін емес. Осы сайлауда маған дауыс беріп, таңдау жасаған әрбір азаматтың сенімін ақтап, табандылықпен жұмыс жасауға уәде беремін. Өйткені мен үшін жасалған әрбір таңдау жауапкершілік екенін түсінемін. Елдің азаматы ретінде ел еңсесін тіктеуде іскерлік танытатын боламын.

Мейрамбек Сығайбаев,
Ақсу ауылдық округі
әкіміне үміткер

ӘР АЗАМАТТЫҢ ТАҢДАУЫ МАҢЫЗДЫ

Ел сенімін арқалап жүру – азаматтық парызымыз. "Ер жігіт елі үшін туады" демекші, өзіміз тұратын өлкенің өркендеуіне үлес қоса алсақ, азаматтық міндетімізді орындағанымыз деп білемін. Осы сайлауда мен үшін әр сайлаушының дауысы маңызды екенін айтқым келеді. Егер ел сенім артып жатса, қарым-қабілетімді жұмсау арқылы ауыл тұрғындарының әлеуетін арттыра отырып, елді мекеннің еңсесін тіктеймін. Сондықтан маған сеніңіздер, белсенді болыңыздар, дауыс беріңіздер. Ауылдың жарқын болашағына жұмыс жасау негізгі міндетім деп білемін.

Бауржан Шынжыров,
Жаңаталап ауылдық округі
әкіміне үміткер

ХАЛЫҚ СЕНІМІН АҚТАЙМЫН

Алда саяси науқан болады. Мен де – үміткер ретінде өзін-өзі ұсынған азаматтардың бірімін. Сондықтан мен үшін сайлау құқығына ие әр азаматтың таңдауы маңызды. Егер ел сенім артса, сол сенім үдесінен шығу, жауапкершілікті сезіне білу және ең бастысы жүйелі жұмыстарды жүзеге асыру менің қолымнан келеді. Сондықтан ауыл тұрғындарын, сайлаушыларды өз таңдауын жасауға шақырамын. Маған дауыс беріңіздер, сенім артыңыздар, әлбетте жарқын жобалар қолға алынатын болады.

Нұржан Бекетов,
Ақсу ауылдық округі
әкіміне үміткер

АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУ – БАСТЫ МІНДЕТІМ

Мен үшін бұл саяси науқанда әрбір тұрғынның дауысы маңызды. Маған сеніп, таңдау жасаған сайлаушылардың үмітін ақтайтынымды зор сеніммен айта аламын. Ел сенімін арқалаған азамат ретінде, осы ауданның тұрғыны болғандықтан, осында жүріп жарқын жобаларды қолға алғым келеді. Бастысы маған дауыс беріңіздер, таңдау жасаңыздар, нәтижесін күтіңіздер. Сіздер белсенділік танытсаңыздар, іскерлігім мен көшбасшылығымды іске қосып, қабілетімді жүйелі жұмыстарға жұмсаймын.

Рустам Ідірісов,
Ақсу ауылдық округі
әкіміне үміткер

БІЛІМ

Түлектер тестілеуден өтті

Аудандағы барлық мектепте баға үшін емес, сапалы әрі жан-жақты білім алу үшін, қоғамға пайдалы азамат болуды ойлайтын, ұстаз еңбегін еш кетірмей, ата-ана сенімін қалайда ақтаймын дейтін арманы асқақ, мақсаты айқын, талабы таудай шәкірттер жетерлік. Адамды арманға жеткізетін, талай шыңға шығаратын, биікке көтеретін даңғыл жол алға қойған мақсат екенін білетін бүгінгі білімді жастардың да жарқын болашаққа бастайтын мақсаты бар.

Елде білім саласына қолдау артпаса, кеміген емес. Жыл сайын педагогтардың табысы артуда, саладағы серпінді істер де көңіл қуантады. Жетістік көп, атқарылатын жұмыс та ауқымды. Білімі жоғары ұлт қана жаһандану талаптарына жауап береді. Ал заман талабына сай білімді ұстаз бәрінен қымбат. Мұғалімнің беделі төмен болған жерде тиісті білім де, тәрбие де болмайды. Ал мұғалім беделі ұстаздың білімі мен бірге рухани-адамгершілік мәдениетіне тәуелді.

Жалағаш ауданында білім саласы бойынша жүйелі жұмыс бар, жетістігіміз де көп. Ұстаздардың да жұмысқа деген жоғары жауапкершілігінің арқасында жақсы нәтижелерге жетіп келеміз. Шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие беруде ерен еңбек етіп, біліктілігін көрсеткен ұстаздардың еңбегін айтпай кету мүмкін емес. Ең бастысы жалағаштық өрендер жыл сайын білім майданында үздік шығып, ауданның мерейін асырып, абыройын асқақтатуда. Былтырдың өзінде 321 түлек мектеп бітіріп, оның 296-сы ҰБТ-ға қатысты. Орташа балл 82-ні құрады. Оның ішінде 273 түлек жоғары оқу орындарына түсіп, өз мамандықтары бойынша білім алуда. 39 алтын белгі иегері, 18 үздік аттестат иегері де былтыр анықталған болатын. Ал биыл аудан бойынша 358 түлек мектеп бітірді. Алтын белгіге 24, үздік аттестатқа 31 оқушы үміткер. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқандар саны – 323, яғни 90,2 пайыз.

Оқу жылы соңында аудандық білім бөліміне хабарласқанда ҰБТ-ға дайындық жұмыстары қызу жүріп жатқанын айтқан еді. Барлық түлек тыңғылықты дайындалуда, алдын ала сынама тесттерден өткен түлектер жақсы көрсеткіш көрсеткенін мәлімдеген еді. Енді міне, маусым айының басынан бері ҰБТ өтіп, түлектер 11 жыл бойы алған білімдерін сарапқа салуда.

Айта кетейік, ҰБТ-ға қатысқандар ішінде ең көп түлегі бар Т.Жүргенов атындағы №123 және Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі болса, ең аз түлек Жаңадария ауылындағы №203 орта мектептен екен. Бұған дейін ҰБТ-ны бітірушілердің бірінші толқыны тапсырды. Алда қалған түлектерді де сын сағаты күтіп тұр. Жыл сайын нәтиже бойынша салыстырмалы түрде Жалағаш ауданы алдыңғы қатардан көрінетін. Әзірге өңірдің осы көрсеткішті қайталай ма, жоқ па, ол жағын айтуға ерте. ҰБТ толығымен аяқталып, сараптама жасалғанда соңғы қорытындыны, яғни ауданның көрсеткішін тағы бір айтатын боламыз.

Ендігі міндет – ата-ана үмітін ақтау, ұстаз еңбегінің нәтижесіне жете білу. Бұл жолда оқушылар үшін табандылық пен терең білім ғана көмектесе алмақ. Сәт сайын жаңарып отырған ақпараттық толқынға ілесу, бәсекелестік жолдан табылу үшін білім мен тәжірибені ұдайы толықтырып отыру міндетті. Сонда біз заманның кез келген талабына, бәсекелік қабілеттілікке және білім бәйгесінде ел мерейін асыра алатын білікті жастарды тәрбиелеп шыға аламыз. Ал мұндай жан-жақты тұлғаларды қалыптастыру – әр педагогке жүктелген жауапкершілік. Ұстаз – осынысымен ұлы, қадірлі тұлға. Ал үлкен өмірге қанат қаққан әрбір жастың жетістігі, ауданның ортақ жетістігі, қуанышы деп білеміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫНЫҢ БАСТАУЫ – ЕРТЕГІ

Осыдан он жыл бұрын «Жүз жасаған жүрек» деген мақала жаздым. Кейіпкерім – 103 жасқа келген Қосаева Раушан әжеміз. Ауданымыздың ең қарт тұрғыны біз барғанда төсекте жатыр екен. Тұла-бойын кәрілік меңдеп, төсекке таңылғаны болмаса, сөзі түзу. Жас күнінде сауыншы болыпты. Бұқарбай батырдың жұрағаты екен. Бірде қораға кірмей айнала қашқан бес жасар өгіздің бір қалтарыста мүйізінен шап бергенде, көзі аларған жануар жұлқынып қалады да, екі мүйізін де түбірімен жұлып алады. Осы оқиғаны айтқанда төсегінде шүйкедей болып жатқан әжеміздің күш-қайратына таңғалғанбыз. Сонымен тақырыпқа көшейік...

Шыны керек, біз әжемізге тек сәлем беріп, батасын алуға ғана барғанымыз жоқ. Жас күнінде қисса-дастанды таңды-таңға ұрып жатқа айтқанын, әлі де жады мықты екенін естігенбіз. «Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма» дегендей, қолқа салдық. Әжеміз көп ойланған жоқ, «Алпамыс батыр» жырын төкті. Диктафон қосып қойдық, уақытты көрсетіп тұр.

– Баяғы өткен заманда,
Ілгері өткен адамда.
Бір әңгіме бастайын,
Адамзат болған жаһанда.
Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде,

Құлтай деген өтіпті, – деп бастап, Байбөрі мен Аналықтың Тәңірден бір перзент сұрап Баба түкті шашты Әзіздің басына түнеп, Алпамысты беретін тұсына дейін тура 12 минут мүдірмей айтып шықты. Қасымда фототілші Махамбет Ахметов бар. Екеуміз әрі таңғалып, әрі ұялып отырып тыңдадық. Таңғалғанымыз белгілі, 103 жаста жадында тұтас қиссаның сөздері емес, әлгінде ғана өзің айтқан бір ауыз сөзіңнің сақталуы екіталай. Ал ұялғанымыз, әжеміз айтқан дастанның бір жолын да жаттамаған екенбіз.

Қай күні аудандағы белсенді жастардың көшін бастап жүрген бір інімен арадағы әңгімеде: – Әжелер мен аталар арасында қисса-дастан айтудан, балалар арасында ертегі айтудан байқау өткізсек қайтеді, – дедім. «Аға, қазір қисса-дастанды жатқа айтатын кісілер жоқ шығар. Ал қазіргі балалар ертегі айтпақ түгіл, өзінің қиялын да дұрыс жеткізе алмайды. Оларға ертегі айтатын үлкендер де жоқ қой» деп күмілжіді.

Расымен солай сияқты. Бірақ ауызды құр шөппен сүрте беруге де болмайды. Мен босқа жоғарыдағы Раушан әжемізді айттым. Ел ішінен іздесе, құймақұлақ қарттар әлі де бар, табылады деп үміттенемін. Қисса-дастан жаттаудан оқушылар арасында республикалық жарыс ұйымдастырылып еді қай бір жылдары. Әуелі аудандық, содан соң облыстық, сосын республикалық кезеңдері бойынша өтті ұмытпасам. Тіпті сол байқаудың аудандық кезеңінде қазылар алқасында болғаным да бар еді. Оқушылардың жазығы жоқ, тапсырма берілді, оның үстіне мұғалімі қомақты жүлдесімен қызықтырды, сосын олар жаттағанын судыратып айтып шықты. Бірақ жырдың мазмұнын білмейді.

Кешегі көшпенді қазақ даласында кеш батса киіз үйге май шам жағылып, бүкіл ауыл сол өлеусіреген жарықты айнала алқақотан жайғасып қисса тыңдаған ғой. Қиссаны үлкен кісілер ауызша жаттап айтқан немесе мұсылманша хат таныған балалар кітаптан оқыған. Әдеби шығармалардан оқып отырғанда немесе ескі қазақфильмдерден көргенде қиссаны жатқа айтушы әлгі үлкен кісілер мен кітапқа шұқшиып оқып отырған балалардың дауыс ырғағы айналасына қатты әсер етеді ғой. Оқиғалардың түрленуіне қарай ұйып тыңдап отырғандар бір тұсында сықсыңдап жанарын сулап алса, енді бір тұсында ду күледі. Не керек, жыр аяқталғанша тыңдаушылар бірнеше күйді басынан кешеді. Сол жырдың ішіне кіріп-шығады. Ал сол қисса-дастандарды әлгі оқушылар жатқа айтқанда әсерленбек тұрмақ, аяғына жеткенше жаңылысып кетпесе екен деп тыңдаушылар қара терге түседі.

Кеше әлеуметтік желі қолданушысы Ержан Керімбай парақшасына осы тақырыбымызға қатысты жазба жариялады және оны осында мұртын бұзбай беруді жөн көрдім. Онда былай дейді: «...Студенттердің диплом қорғауы кезінде маған тағы бір ой салған «Ба Цзиннің «Жанұя» романы мен Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы дәстүршілдік» деген тақырып болды. Студентке «енді осы шығармада дәстүршілдік қалай көрініс береді, нақты бір мысалдармен айтшы» дегендей сұрақ қойылды. Бірақ студент әр нәрсенің басын бір шалып, сұраққа толық жауап бере алмады. Соңы айтыс-тартысқа айналды. Комиссия құрамындағы қытай әдебиетінің мамандары Ба Цзиннің «Жанұясынан» біраз мысалдар келтірді. Мен Момышұлының «Ұшқан ұясы» туралы айттым.

Бірде факультетімізде университеттің студенттері оқуға тиісті «100 кітап» деген бағдарламасы аясында Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романын талқылауға арналған іс-шара өтті. Ұйымдастырған факультеттің студенттік кеңесі екен. 3-4 оқытушыны эксперт ретінде отырғызып қойды. Ішінде мен де бармын. Сонымен жүргізуші қыз барынша белсенділікпен студенттерден пікір сұрап, өзі бір әңгімелер айтқан болып жатыр. Бірақ қанша тырысса да тірлігі өнбеді. Ана отырған аудиторияның аурасы сол күйі қызбады, әңгіме жүрмеді. Өйткені ешкім оқымаған. Жүргізуші қыздың өзі «батыр атамыз, батыр атамыз» деп қайталай бергеннен ары аса алмады. Шығармаға қатысты аз-маз мәлімет қарап алғаны көрініп тұр. Яғни «батыр атасы» тілінің ұшында ғана қалып кеткен, ары қарай жүрекке түспеген. Болмаған соң сөзді эксперттерге берді. Мен: «Батыр атамызға» эксперт болып жарытпайтын шығармыз, бірақ әлдеқандай қылып шақырған екенсіздер, бір ауыз ойымызды айтайық», – дедім. Сосын студенттерге «Сіздер «Ақиқат пен аңызды» талқылай алмайсыздар. Өйткені оқымағансыздар. Сіздерге ол қызық емес. Бауыржан Момышұлын тану үшін алдымен Александр Бектің «Волоколамское шоссе» деген шығармасын оқуларыңыз керек. Сол кезде «Ақиқат пен аңызды» іздеп жүріп, тауып алып оқисыздар. Өйткені «Волоколамское шоссені» оқыған адам қазақ болғанына мақтанғаннан төбесі көкке сәл ғана тимей қалады. Бұл не қылған адам деп содан кейін «Ақиқат пен аңызды» оқиды. Оны оқып болған соң бұл қайдан шыққан адам, қайда өскен, мұндай тұлғаға айналу үшін кімнен, қандай тәрбие алған деп «Ұшқан ұяны» оқиды. «Ұшқан ұяны» Момышұлы «мен енді танымал адам болдым, жұртқа өзімді насихаттай түсейін» деп жазбаған. Қазақ деген халықта тәрбие қалай болған, баланың дүниетанымы қалай қалыптасқан, өмірінің ұстыны болатын ар, ұят, жауапкершілік, намыс, ынсап, құт, кие деген қасиеттерді бойына қалай сіңіргенін жазған. Сол тәрбие қалып кетпесе екен, ол қолдан кетсе, өзіндік бет-бейнесі бар ұлт болудан қаламыз деген уайыммен жазған» дедім.

Кешегі қорғауда мен студенттің жауабын толықтырып, «Ұшқан ұяның» өн бойынан көрініс беретін бір дәстүр бар, ол – қазақтардың қисса айту дәстүрі. Шығармада Бауыржанның әжесі Қызтумас балалардың түрлі сұрағына жауап ретінде «Е, ол ма? Баяғыда құдай адамды жаратқанда...» деп басталатын түрлі аңыз, әңгіме, қисса-дастан, ертегі, әпсаналарды айтып отырады. Осы дәстүр барлық қазақтың отбасында болған. Өйткені ол кезде кітап, газет-журнал, интернет, смартфон деген болмады ғой. Баланың дүниетанымы осындай отбасы, ошақ қасындағы әңгімеден барып қалыптаса бастайтын және бір қызығы, қазақтың қиссалары 99 құдайы бар грек мифтерінің желісі шашылып жатпайды. Әр құбылысқа, өсімдікке, жан-жануарға, әрісі қоңыз-жәндік, шыбын-шіркейге қатысты оқиғаның барлығы тура бір көгенделген қозыдай болып «Құдай адамды жаратқанда» деп басталатын бір сюжеттің желісіне келіп байланады. Алаш зиялыларының өмірбаянын қарасаң да «ауыл молдасынан сабақ алды» деп басталады. Ауыл молдасы да баланы бас салып құранға түсірмейді. Алдымен осындай баланың дүниетанымын қалыптастыратын қисса-дастандарды айтып жаттатқан.

Патшалық Ресей отарлау саясатын жүргізгенде қазақтарды шоқындыруға барын салады. Бірақ сол кездегі әбден тәжірибе жинаған, шоқындырудың шеберіне айналған мамандары «Жерлерінде мешіт, медресесі көп болмаса да, бұл қазақты шоқындыру қиын екен. Қайсысына жолап кетсең де, еңкейген шалынан еңбектеген баласына дейін зуылдатып қисса-дастан айтқанда есіңнен тандырады» дейтіні сол. Янушкеевичтің қазақтың даласында жүріп, екі ақынның айтысын көріп суреттеген жазбасы бар. Сонда ана екі ақын адамзаттың жаралғанынан бастап, перғауыны бар, жер бетіне жіберілген пайғамбарлары бар, бүкіл адамзаттың тарихын айтыстарына арқау етіп айтып шығады. «Бұлар мына кітабы жоқ, мектебі жоқ, кітапханасы жоқ сахарада жүріп мұншама білімді қайдан жинаған?» деп таңқалатыны бар поляктың. Осының барлығы қазақтың қисса айту дәстүріне келіп тіреледі. Бауыржан Момышұлы атамыздың «Сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, өзінің немересіне ертегі айта алмаған ата мен әжеден қорқамын» дейтіні осы болса керек» деп түйдім сөзімді.

Рас, есі кірген бала ата-әжесінің, әке-шешесінің қойнында жатып ертегі тыңдамаса, ол бала оқушы, студент кезінде қисса-дастан жаттамақ түгіл, әдеби шығарманың өзін жарытып оқымайтыны шындық қой. Ержан Керімбайдың әлеуметтік желідегі парақшасына жариялаған жазбасын қысқартпай беріп отырғанымыздың себебі де сол. Бастысы, сөзіміздің басындағы інімнің күдігі шындыққа айналмаса игі. Бауыржан батырдың да қорқынышы мен тілегі сол еді ғой. Бізге қисса-дастанды жатқа айтудан оқушылар арасында емес, ата-әжелеріміздің арасында байқау өткізу керек.

Қуат АДИС

Д.Қонаев – 110 жыл

Бұл осыдан 30 жыл бұрын қыркүйек айында болған еді. Мен ол кезде Жалағаш поселкелік Советі атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқаратынмын. Кезекті еңбек демалысына шығып, Талдықорған облысындағы «Қапал-Арасан» атты санаторияда демалғанмын. Оның ғимаратына қарама-қарсы орналасқан үлкен құрылыс үйіне кімде болса назар аудармай кетпесі анық.

Бір суреттің тарихы

Санатория қызметкерлерінен «Бұл не үй?» деп сұрағанымда:

– Бұл – резиденция, мұнда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев демалып жатыр, – деді.

– Ол кісіні қалай көруге болады?

– Кешкісін, алтыдан кейін аулада демалып жүреді, сол кезде көруге де, кездесуге де болады, – деді санаторий қызметкерлері.

Әлгі айтылған уақытта сол маңда болдық. Кездесудің сәті түсті. Нұрлан деген Қазалының жігіті екеуміз барып сәлем бердік. Сәлемімізді жылы жүзбен қабылдап алған Димекең:

– Жігіттер, қай жерден келіп демалып жатсыңдар? – деп сұрады.

Біреуіміз Жалағаш ауданынан, екіншіміз Қазалы ауданынан екенімізді айттық. Осылай әңгімелесіп тұрғанымызда Аман деген азамат келіп қосылды. Ол Қызылорда қаласынан келгенін айтты. Сол жолы Нұрлан екеуміз Димекеңді ортаға алып суретке түстік. Біз суретке түсіп болғанша демалушылар Димекеңді айнала қоршап алды. Олар да Димекеңмен суретке түсуді одан әрі жалғастырды.

Жалпы күн бойы санаторийде демалушылар Димекеңмен суретке түсумен болды. Содан кейін көрінбеді, шамасы демалысы бітіп, қайтып кетсе керек.

Бізбен демалушылардың ішінде Қызылорда қаласындағы Қазақ темір жолына қарайтын мектеп-интернаттың мұғалімі Аман деген азамат (фамилиясын ұмыттым) әлденеше рет Димекеңмен демалыс бөлмесіне шақырумен барып, ән салып бергенінің куәсі болғанымыз бар-ды. Ол мектеп-интернатта музыка пәнінен сабақ береді екен. Баянда ойнай отырып, халық әндерін нақышына келтіріп орындайтын.

Әр заманның өзіне лайықты тау тұлғалы азаматтары болған. Ондай азаматтарға халық кезінде өз бағасын берген. Қазақ халқының тарихында Д.А.Қонаевтың аты үлкен әріппен ұмытылмастай болып жазылды. Солай жазылып қала бермекші. Халықтың берген бағасынан артық баға болмайтындығына тарих куә.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының биыл 16 наурыздағы Жолдауы Жаңа Қазақстанның жаңа тарихындағы халқымыздың рухын асқақтатып, елдік туын көкке көтерген ерекше Жолдау болды. Әр тармағы, әрбір жолы тарқатып айтар жасампаздық бағдарға, үміт пен мақсатқа толы.

Еліміздің кең байтақ жерінде жаңа әкімшілік өңірлердің, атап айтқанда Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарының шаңырақ көтеруі сөз жоқ, ерекше тарихи оқиға болды. Сондай-ақ Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласы ұлтымыздың ардақты перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың атымен аталып, Алматы қаласы барын ескеріп, жаңарған облысқа Қонаев есімі берілді.

Дінмұхамед Ахметұлы өз заманында өткен ғасырдың 1936 жылы ол кезде қазақ баласының қолы жете бермейтін Мәскеудегі түсті металл және алтын институтын бітіріп, Балқаштағы Қоңырат руднигінде еңбек жолын кен қазатын машинаның машинист-механигі, мастерінен бастап, Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында ірі кен басқармасының өндіріс басшысы болды. Ұзақ жылдар республика Үкіметі басшылығында, Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі қызметтерін ел мүддесінде зор абыроймен атқарды.

Димекеңнің тұсында біздің республикамызда өнеркәсіп кешендері кеңінен қанат жайып, аграрлық сала өркендеді. Егіс даласы мен мал шаруашылығында 2 мыңнан астам совхоз бен 500-ге жуық колхоз жұмыс істеп, елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге үлес қосты. Қапшағай, Теміртау, Рудный, Степногорск, Риддер, Хромтау, Балқаш, Қаратау, Кентау, Ащысай, Текелі, Ақсу (Ермак), Ақтау (Шевченко), Екібастұз сияқты сан салалы өнеркәсіп қалалары тікелей Дінмұхамед Ахметұлының бастамасымен, қамқорлығымен бой көтерді. Жоғары оқу орындарына, ғылыми институттарға жол ашылып, ғылым өрістеп өркендеді. Өнер, мәдениет, әдебиет жаңа тыныс алып, талантты буын өкілдерінің шығармалары жарық көре бастады.

Президент өз Жолдауында да, одан бұрынғы сөздерінде де бүгінгі жаңа кезеңге бет алып тұрғанда осының алдындағы мемлекеттік тәуелсіздігіміздің жеткен жетістіктерін сақтай, бағалай білу маңыздылығына да айрықша назар аударып келеді. Алайда барлық іс-әрекет тек адалдықпен, мейлінше әділдікпен атқарылуға тиіс. Халық игілігіне адал еңбек еткен арда перзентіміздің бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

Сайлаушылардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Ақсу, Жаңаталап ауылдық округ әкімдеріне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

№	Үміткердің аты-жөні	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Әбсаттаров Жомарт Серікбайұлы	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК	27.06.2022 жыл	Сағат 11-00
2	Бекетов Нұржан Қалданұлы	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК	27.06.2022 жыл	Сағат 14-00
3	Сулейменов Гани Кенжегараевич	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК	27.06.2022 жыл	Сағат 10-00
4	Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК	27.06.2022 жыл	Сағат 15-00
5	Шилдебаев Марат Тныштыкбаевич	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК	27.06.2022 жыл	Сағат 9-00
6	Ідірісов Рустам Болатбекұлы	Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК	27.06.2022 жыл	Сағат 12-00
7	Абдикалыков Куаныш Боранбекович	Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының «Жаңаталап ауылдық клубы» КМҚК	24.06.2022 жыл	Сағат 9-00
8	Көшеров Абай Қырғызбайұлы	Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының «Жаңаталап ауылдық клубы» КМҚК	24.06.2022 жыл	Сағат 10-00
9	Шынжыров Бауржан Серікұлы	Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының «Жаңаталап ауылдық клубы» КМҚК	24.06.2022 жыл	Сағат 11-00

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

Жалағаш ауданы Жалағаш кенті тұтынушыларының назарына!

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 14 мамырдағы №172 бұйрығымен, ішкі нарықтағы тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларының өсуіне байланысты, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2022 жылғы 23 маусымдағы №04-22/848 санды хатымен 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіле отырып, тауарлық газды бөлшек саудада өткізу қызметінің шекті бағасы 1000 текше метрге ҚҚС-мен 19512,93 теңге (1 текше метрге 19,51 теңге) мөлшерінде келісілді.

“Қызылорда газ тарату жүйесі” КМК әкімшілігі
(Лицензия №20003713
БСН 191240024876)

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3138 Тапсырыс № 1040

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА